Жүргізілген әдеби шолу мен салыстырмалы талдаудың нәтижелері Павлодар қаласындағы өнеркәсіптік аумақтарды абаттандыру мәселесіне байланысты ғылыми және практикалық жұмыстардың жүйесіз, бірізділігі төмен, әрі қазіргі заманғы экожүйелік қағидаттарға сай еместігін көрсетті. Ғылыми еңбектерде ландшафттық жобалау негізінен тек көркемдік және эстетикалық талаптарға бағытталған, ал экологиялық тиімділік, табиғи қалпына келу әлеуеті, биоалуантүрлілікті сақтау, жасыл желекпен көмкерудің атмосфера мен топырақ құрамына әсері сияқты өлшемдер көп жағдайда ескерілмейді. Бұл — ғылыми зерттеулер мен жобалық шешімдердің өзара байланысының әлсіздігін, ландшафттық шешімдердің практикалық қолдану аясының тарлығын аңғартады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, өнеркәсіптік ластануға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіру тек көгалдандырумен шектелмеуі керек. Мұндай аймақтарда табиғи сүзгі қызметін атқаратын жасыл белдеулер, жер асты және жер үсті суларының сапасын жақсартуға бағытталған табиғи дренаж жүйелері, топырақтағы ауыр металдарды сіңіретін өсімдіктер арқылы

жүргізілетін фиторемедиациялық технологиялар кешенді түрде қолданылуы тиіс. Ал Павлодар өңірінде бұл сияқты тәсілдер ғылыми еңбектерде сирек сипатталады немесе мүлде зерттелмеген. Қолда бар тәжірибелерде жобалау шешімдері жиі формалды сипатқа ие болып, нақты мониторингпен сүйемелденбейді, абаттандыру нәтижелері сандық тұрғыдан бағаланбайды. Бұл жағдай өңірлік саясат пен ғылыми ізденістер арасындағы алшақтықты тереңдете түседі.

Павлодар қаласы — Қазақстандағы ірі өнеркәсіптік тораптардың бірі ретінде көп жылдар бойы экологиялық жүктемені жоғары деңгейде сезініп келе жатқан өңір. Мұнда атмосфераға таралатын зиянды газдар мен өндірістік қалдықтардың көлемі орасан. Алайда өңірлік деңгейде жүзеге асырылып жатқан абаттандыру шаралары осы антропогендік қысымды азайтуға толық мүмкіндік бере алмай отыр. Себебі бұл шаралар, біріншіден, ғылыми негізсіз жүргізілуде; екіншіден, табиғи ортамен экологиялық байланыс орнатуға емес, көбіне тек сыртқы келбетке бағытталған; үшіншіден, көп жағдайда уақытша және маусымдық сипатта болады.

Осындай кемшіліктерді жою үшін Павлодар өңірінде жергілікті климаттық және топырақтық ерекшеліктерді ескере отырып, экожүйелік тұрғыдан тиімді шешімдер қабылдануы қажет. Атап айтқанда, топырақ құрамын жақсарту үшін улы заттарды сіңіруге қабілетті өсімдік түрлерін таңдау, желдің бағытын ескере отырып жасыл тосқауылдарды орналастыру, жауын суларын табиғи жолмен тазартатын сүзгі алаңдарын құру — бұл аймақтың ерекшелігіне бейімделген, экологиялық әрі тиімді шешімдер болып табылады. Сонымен қатар, абаттандыру шараларына тек әкімшілік құрылымдарды ғана емес, ғылыми мекемелер мен қоғамдық ұйымдарды да кеңінен тарту — жобалардың сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды алғышарттардың бірі.

Алдағы уақытта бұл мәселені тереңірек зерттеу үшін бірнеше ғылыми бағыттар ұсынылады. Біріншіден, Павлодар қаласы мен маңындағы өнеркәсіптік аймақтардың биологиялық әлеуетін бағалап, жасылдандырудың қай түрлері нақты экологиялық тиімділік беретінін айқындау қажет. Екіншіден, абаттандыру жобаларын ғылыми әдістермен талдап, олардың жергілікті микроклиматқа, халықтың денсаулығына және биосфера элементтеріне әсерін сандық тұрғыдан өлшейтін көрсеткіштер жүйесін жасау қажет. Үшіншіден, экологиялық білім беру мен жұртшылықтың саналы қатысуын арттыру арқылы қоғамның бұл үрдістерге белсенді араласуын қамтамасыз ету керек. Ақыр соңында, озық шетелдік

тәжірибелерді тек көшіру емес, оларды Павлодардың жергілікті жағдайына икемдеп, ғылыми негізде бейімдеу басты талап ретінде қарастырылуы тиіс.

Жүргізілген ғылыми шолу нәтижесінде Павлодар қаласы мен оның өндірістік аймақтарында абаттандыру мен ландшафттық жоспарлау бойынша қолданылып жатқан тәсілдердің заманауи ғылыми талаптарға толық жауап бермейтіні анықталды. Өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту үшін жасалып жатқан шаралар — негізінен көрнекілік пен көгалдандыруға бағытталған, ал олардың қоршаған ортаға нақты әсері жүйелі түрде зерттелмеген. Сонымен қатар, жобаларда ғылыми сүйемелдің жеткіліксіздігі, мәліметтердің ашық еместігі және жергілікті ерекшеліктердің ескерілмеуі — бұл процестің әлсіз тұстары болып отыр

Абаттандыру мәселесіне кешенді әрі ғылыми көзқарас қалыптастыру үшін, ең алдымен, ландшафттық шешімдерді табиғи жүйемен үйлесімді жоспарлау, яғни экожүйелік тепе-теңдікті сақтау қажет. Бұл бағытта Павлодар өңірінің өндірістік кеңістіктері табиғи сүзгі жүйелері, жасыл буферлік белдеулер, биоремедиация технологиялары арқылы қалпына келтіріліп, жасыл инфрақұрылыммен жабдықталуы тиіс. Бұған қоса, қала тұрғындарының экологиялық жайлылығы мен денсаулығын жақсарту үшін рекреациялық аймақтар мен демалыс орындарын табиғи элементтермен ұштастыра отырып жоспарлау ұсынылады.

Қорытындылай келе, Павлодар өңірінің абаттандыру саясатына қатысты бірнеше маңызды ғылыми және практикалық ұсыныстар беруге болады:

Өндірістік аймақтарда табиғи қалпына келу әлеуетін ғылыми негізде бағалап, соған сәйкес экожүйелік үйлесімділікке негізделген ландшафттық шешімдер қабылдау қажет.

Жергілікті өсімдіктер мен климаттық ерекшеліктерге бейімделген жасылдандыру түрлерін енгізу арқылы өнеркәсіптік өңірлерде экологиялық тұрақтылық пен биологиялық әртүрлілікті арттыруға болады.

Жобаларды жүзеге асыру барысында қоғамдық қатысуды қамтамасыз етіп, жергілікті тұрғындардың пікірін ескеру және оларды экологиялық жауапкершілікке тарту маңызды.

Ғылыми зерттеу мекемелері мен жергілікті билік органдары арасында тұрақты әріптестік орнатып, бірлескен бағдарламалар мен пилоттық жобалар арқылы өңірлік экожүйені қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Павлодар өңірінің тәжірибесін республика көлеміндегі өзге де өнеркәсіптік қалаларға бейімдеп қолдануға болатын кешенді ғылыми әдістеме әзірлеу – тұрақты дамуға қол жеткізудің маңызды қадамы.

Осы ұсыныстарды негізге ала отырып, Павлодар қаласында табиғи тепе-теңдікке негізделген, ғылыми дәлелденген, халықтың қажеттілігіне бейімделген және ұзақ мерзімді тұрақты даму қағидаттарына сай келетін қалалық кеңістік қалыптастыруға болады. Бұл — тек өңірлік деңгейде ғана емес, ұлттық экологиялық саясаттың маңызды бағытына айналуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жигула А. Современные тенденции ландшафтного проектирования // КазАТУ. – 2020. – С. 45–52.

2 Mineur B., Andersson E. Transforming post-industrial landscapes into urban parks: Design strategies and theory // Landscape and Urban Planning. – 2019. – Т. 186. – С. 143–152.

3 Малая Е. В., Осипова Т. Н. Архитектурно-ландшафтная организация территорий промышленных предприятий и прилегающих к ним территорий // Актуальные проблемы научных исследований. – 2023. – № 21. – С. 15–23.

4 Осипова Т. Н. Особенности ландшафтной организации территорий бывших промышленных предприятий // Актуальные исследования. – 2023. – № 21. – С. 34–41.

5 Прогрессивные подходы организации ландшафтной среды в структуре крупных промышленных городов // Научный электронный журнал КиберЛенинка. – 2022. – № 3. – С. 56–64.

ЕРТІС ӨНІРІНДЕГІ ТАСПАЛЫ ҚАРАҒАЙЛЫ БОР БАЗАСЫНДА ЭКОПАРКТІ ЖОБАЛАУ

АБДУЛЛАЕВА А. Б.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кіріспе. Қазіргі заманда урбанизацияның күшеюі мен өнеркәсіптің қарқынды дамуы экологиялық жағдайға айтарлықтай әсер етуде. Адамдардың табиғатпен байланысын нығайту, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық тепе-теңдікті сақтау мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Осы тұрғыдан алғанда жасыл аймақтарды

сақтау және оларды тиімді пайдалану – өзекті мәселелердің бірі. Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бор – табиғи, биологиялық және рекреациялық маңызы бар ерекше экожүйе. Оның бай флорасы мен фауналары, сирек кездесетін қарағайлы ормандары экологиялық туризмді дамытуға және тұрғындардың демалысын ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бор негізінде экопаркті жобалау ерекшеліктерін айқындау және оның әлеуметтік, мәдени, экологиялық маңызын көрсету.

Міндеттері:

– Қарағайлы бордың табиғи және экологиялық маңызын талдау;

– экопарктің ландшафтық жобалау талаптарын айқындау;

– демалыс және ағартушылық инфрақұрылымын жобалау мүмкіндіктерін қарастыру;

– экопарктің әлеуметтік-мәдени және экологиялық әсерін көрсету.

Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бордың табиғи ерекшеліктері. Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бор – Қазақстандағы ерекше табиғи кешендердің бірі. Ол негізінен құмды топырақта өсетін қарағайлы орманнан тұрады және биологиялық алуантүрліліктің сақталуына зор ықпал етеді. Мұндай табиғи нысандарды қорғау әрі халықтың игілігіне ұсыну үшін экопарктерді жобалау – маңызды міндет. Бор ормандары ауа құрамын жақсартып қана қоймай, топырақ эрозиясын азайтып, ерекше микроклимат қалыптастырады.

Бұл аймақтың басты байлығы – қарағайлы ормандар, олар ұзақ ғұмырлы, құрғақшылыққа төзімді және экожүйеде шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, орманда қайың, көктерек секілді жапырақты ағаштар кездеседі. Флорасымен қатар, фаунасы да бай: құстардың сирек түрлері, орман жануарлары мекендейді. Бұл биоалуантүрлілік экопарктің ғылыми-зерттеу және экотуризм әлеуетін арттырады. Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бор – тек табиғи нысан ғана емес, сонымен бірге жергілікті халық үшін тарихи және мәдени тұрғыдан да құнды кеңістік.

Экологиялық тепе-теңдікті сақтау міндеттері. Экопарк жобасы ең алдымен табиғатты сақтауға бағытталуы тиіс. Орман массивінің негізгі бөлігі қатаң қорғауға алынып, онда антропогендік жүктемені барынша азайту қажет. Бұл аймақ флора мен фаунаының табиғи дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, орман аумағының бір

бөлігі рекреациялық мақсаттарға пайдаланылып, тұрғындар мен қонақтарға экотуризм мүмкіндіктерін ұсына алады. Мұнда жаяу жүргіншілер соқпақтары, велосипед жолдары, тынығу алаңдары мен көлеңкелі демалыс орындары қарастырылады.

Экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін экопаркте қоқыссыз аймақтар, экологиялық таза көлік түрлері (велосипед, электрокар) және суару мен дренаждың үнемді жүйелері енгізілуі қажет. Сонымен қатар, орманды жасанды түрде шамадан тыс абаттандырудан гөрі табиғи құрылымын сақтап қалу маңызды. Бұл табиғи тепе-теңдіктің бұзылмауына және экопарктің ұзақ мерзімді тұрақтылығына ықпал етеді.

Кесте 1. Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бордың өсімдіктері мен жануарлары

№	Түр атауы	Санаты	Ерекшелігі
1	Қарағай (Pinus sylvestris)	Ағаш	Құмды топырақта жақсы өседі, орманның негізгі түрі
2	Қайың (Betula pendula)	Ағаш	Жергілікті табиғат символы, көлеңке береді
3	Көктерек (Populus tremula)	Ағаш	Жылдам өседі, топырақты нығайтады
4	Бүркіт (Aquila chrysaetos)	Құс	Сирек кездесетін жыртқыш құс, орман биотасының тепе-теңдігін сақтайды
5	Көкек (Cuculus canorus)	Құс	Орманды мекендейтін, биоәртүрліліктің бөлігі

Ағартушылық және ғылыми бағыттағы шешімдер.

Экопарктің маңызды бағыты – экологиялық ағарту. Табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру үшін арнайы оқу-тәжірибелік алаңдар, ақпараттық стендтер, экскурсиялық маршруттар жасалады. Бұл мектеп оқушылары мен студенттер үшін табиғатты тікелей танып-білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экологиялық зерттеу орталықтарын құру ғылыми жұмыстар жүргізуге жағдай жасайды.

Экопаркте табиғатты қорғауға арналған көрмелер, интерактивті сабақтар, орман экожүйесі мен жануарлар әлемін таныстыратын мультимедиялық орталықтар ұйымдастыру ұсынылады. Жергілікті мектептер мен жоғары оқу орындары үшін далалық тәжірибелер жүргізу алаңдары жасақталып, студенттер ғылыми жобаларын жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, экопарк аумағында биоәртүрлілікті бақылау мен мониторинг жүргізетін зертханалық орталық құру маңызды. Бұл тек білім беру мен ғылымды дамытуға ғана емес, сонымен бірге табиғи ресурстарды сақтаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ландшафтық және инфрақұрылымдық шешімдер. Инфрақұрылымдық шешімдер табиғи ортамен үйлесімді болуы тиіс. Құрылыс барысында ағаш, табиғи тас, құм сияқты экологиялық таза материалдар қолданылуы қажет. Жасанды элементтерді шектеп, табиғи бедерді сақтап қалу экопарктің басты қағидасы болуы тиіс. Экопаркте шағын архитектуралық нысандар – демалыс орындықтары, көлеңке тудыратын шатырлар, бақылау алаңдары орнатылуы мүмкін.

Сонымен бірге, экопарк аумағында велосипед жолдары, жаяу жүргіншілер соқпақтары, бағыт-бағдар көрсеткіштері жасалуы тиіс. Арнайы экологиялық бағыттағы ақпараттық тақталар табиғат құбылыстарын түсіндіруге көмектеседі. Кішігірім этнографиялық бұрыштар орнатып, жергілікті халықтың табиғатпен байланысы мен дәстүрлі экологиялық тәжірибесін көрсетуге болады. Инфрақұрылымды жоспарлау кезінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасау да назардан тыс қалмауы керек – пандустар, арнайы бағыттар мен ақпараттық белгілер орнатылуы тиіс.

Әлеуметтік және экономикалық маңызы. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда экопарк халықтың денсаулығын нығайтуға, бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасайды. Жасыл ортада серуендеу, спорттық ойын алаңдарында белсенді демалыс, тыныш аймақтарда демалу – тұрғындар үшін пайдалы әрі тартымды болады. Экопарк отбасылық демалыс мәдениетін қалыптастырып, балалардың табиғатпен етене жақын болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, табиғатты қорғау идеяларын насихаттау арқылы тұрғындардың экологиялық жауапкершілігі артады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, экопарк аймақтың туристік тартымдылығын арттырады. Ішкі және сыртқы туризмді дамыту арқылы қала бюджетіне қосымша қаржы түседі. Экотуризм инфрақұрылымы жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді – экскурсоводтар, қызмет көрсету саласы, шағын кәсіпкерлік өкілдері жаңа жұмыс орындарына ие болады. Экопарк маңында қолөнер жәрмеңкелері, ұлттық тағамдар фестивальдері ұйымдастырылса, бұл жергілікті экономиканы дамытуға қосымша серпін береді.

Экологиялық тиімділігі. Экопарктің ең басты мәні – табиғи тепе-теңдікті сақтау мен қалпына келтіру. Орман массиві қала ауасының сапасын жақсартып, шаң мен газды азайтады, микроклиматты реттеп, жел эрозиясының алдын алады. Жасыл

аймақ қаладағы температуралық айырмашылықты жұмсартып, жазда салқындық, қыста қосымша жылу береді.

Сонымен қатар, экопарк биоалуантүрлілікті қорғаудың маңызды орталығына айналады. Мұнда құстардың сирек түрлері, жануарлар мен өсімдіктер табиғи ортада сақталады. Әсіресе, Қазақстанның Қызыл кітабына енген түрлер үшін арнайы қорғау аймақтары қарастырылуы мүмкін.

Экопарк табиғатты қорғау мәдениетін дамытуға ықпал ете отырып, болашақ ұрпаққа табиғи мұраны сақтаудың тиімді құралы болады. Осылайша, ол тек қана қазіргі қоғамға емес, келешекке де экологиялық тұрақтылық пен табиғи байлықты жеткізудің кепіліне айналады.


Бағыттардың өзара байланысы. Экопарк жобасы тек бір ғана бағытпен шектелмейді, ол бірнеше өзара байланысты құрамдастардан тұрады. Жоғарыдағы сызбада көрсетілгендей, ағартушылық және ғылыми, ландшафтық-инфрақұрылымдық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық шешімдер бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Ағартушылық және ғылыми бағыт қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырып, жастарды табиғатты қорғауға баулиды. Бұл бағыт әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан жаңа мүмкіндіктерге жол ашады (экологиялық туризм, жаңа жұмыс орындары) және табиғи тепе-теңдікті сақтауға үлес қосады.

Ландшафтық және инфрақұрылымдық шешімдер табиғи ортаға барынша үйлесімді болуы арқылы экопарктың эстетикалық, экологиялық және рекреациялық құндылығын арттырады. Олар тұрғындарға қолайлы жағдай жасап қана қоймай, экожүйенің тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Әлеуметтік және экономикалық маңызы экопарктың халық үшін тартымды етіп, оның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Экологиялық туризмнің дамуы, шағын бизнестің ашылуы, мәдени іс-шаралардың өтуі тұрғындардың өмір сапасын жақсартып, жергілікті экономиканы қолдайды.

Экологиялық тиімділік барлық бағыттардың түпкі нәтижесі болып табылады. Ол табиғатты қорғау, биоалуантүрлілікті сақтау және тұрақты даму құндылықтарын қалыптастырумен өлшенеді.



Сурет 1 – Экопарк жобасының негізгі бағыттарының байланысы

Осылайша, экопарк жобасының әрбір бағыты өзара бір-бірін толықтырып, кешенді экожүйе ретінде дамиды. Бұл жобаның тек табиғатты қорғау құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және экономикалық тұрғыдан да маңызды екенін айқындайды.

Қорытынды. Ертіс өңіріндегі таспалы Қарағайлы бор базасында экопарк құру – табиғатты қорғаудың, экологиялық білім берудің және халыққа қолайлы демалыс жағдайын жасаудың тиімді жолы. Бұл жоба табиғи орман массивін сақтай отырып, қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал етеді. Экопарк тұрғындардың өмір сапасын арттырып қана қоймай, аймақтың туристік беделін де көтереді. Осылайша, экопарк – табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты нығайтатын маңызды әлеуметтік-экологиялық кеңістікке айналады.

Сонымен қатар, экопарктың құрылуы жас ұрпаққа экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа ұқыпты қарауды үйретуге мүмкіндік береді. Арнайы экскурсиялық бағдарламалар мен экологиялық соқпақтар балалар мен жастарға қоршаған ортаны жақыннан таныстырып, табиғи құндылықтарды бағалауға жол

ашады. Жергілікті халық үшін экопарк жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесі бар бұл орман кешені халықаралық деңгейдегі экотуризмді дамытуға негіз бола алады. Экопаркте табиғатты зерттеу орталықтары, демалыс инфрақұрылымы, мәдени-ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылса, ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосымша үлес қосады.

Демек, экопарк – тек табиғатты қорғау жобасы ғана емес, сонымен қатар білім беру, туризмді дамыту, жергілікті қауымдастықтың әл-ауқатын жақсарту сияқты көпқырлы маңызы бар стратегиялық бастама.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбдіқалықов К. «Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары», Алматы, 2018.

2 Жұмаділов А. «Ландшафтық жобалау негіздері», Астана, 2020.

3 Тұрсынбаева Л., Қасымбеков Б. «Экологиялық туризм: теориясы мен практикасы», Павлодар, 2019.

4 Павлодар облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ресми деректері.

ОРМАН ӨРТТЕРІНІҢ ЗАРДАПТАРЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

БЕЙСЕКЕЕВА А. К.

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МУСТАФИН Е. Т.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кіріспе. Орман өрттері ТМД елдері үшін экологиялық-экономикалық тұрғыдан аса маңызды қатер болып қалып отыр, олар табиғи кешендер мен халық денсаулығына көпфакторлы ықпал етеді. Климаттың аридтенуі, қуаң кезендердің жиілеуі, көктем-жаз маусымының ертерек келуі және ағаш жамылғысы мен топырақүсті қабатында жанғыш материалдардың жиналуы ірі өрттердің ықтималдығын арттырады. Климаттық драйверлермен қатар антропогендік факторлар да күшеюде: «орман–қоныс шебі» (WUI)

аймағының кеңеюі, рекреациялық жүктеме, шектес жерлердегі ауылшаруашылық палдары, сызықтық инфрақұрылым бойындағы жұмыстар. Дала және орманды-далалық өңірлерде құрғақ шөп жамылғысы бойынша төменгі өрттердің жылдам таралуы тән; солтүстіктегі бориальды массивтерде діндік (крона) өрттеріне ауысу және төсеніш пен шымтезектің ұзақ тленуі байқалады, бұл алыс қашықтықтарға дейін түгіндануды сақтай алады. Нәтижесінде ауа сапасының трансшекаралық нашарлау эпизодтары қалыптасады, осал топтар үшін тәуекел бірнеше есеге өседі, ал экологиялық залал сөндіру мен қалпына келтіруге кететін айтарлықтай шығындармен ұштасады [1–3], [5].

Қазақстанда және көршілес мемлекеттерде регламенттер мен практикалар жаңғыртылуда: ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелері нақтыланып, өрт қауіпі жоғары маусымда шектеу режимдері енгізілуде, ведомстволар арасындағы өзара іс-қимыл жетілдірілуде. Оперативті жоспарлауға Жерді қашықтан зондау деректерінің (белсенді жылулық аномалиялар карталары, өртенген аумақтар, қуаңшылық индекстері), бейнебақылау желілерінің және автоматтандырылған ерте анықтау жүйелерінің үлесі артып келеді [1–3]. Бірқатар өңірлерде тәуекелге негізделген басқару тәсілдері енгізілуде: аумақты өрт қауіптілігі кластары бойынша стратификациялау, профилактика мен патрульдерді басымдыққа қою, минералдалған жолақтар мен тірек шептерін кеңейту, ерікті өрт сөндіруші құрамаларды даярлау. Сонымен қатар елдік зерттеулер қоры ұлғаюда, онда маусымдық және көпжылдық жанғыштық динамикасы, осалдық факторлары және өрттен кейінгі топырақ, гидрология, биоалуантүрлілік өзгерістері сипатталады; бұл салыстырмалы экологиялық бағалау жүргізуге және ТМД елдері арасында табысты шешімдерді трансферлеуге негіз қалайды [5].

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, салдардың экологиялық бағасы (СЭБ) барған сайын пәнаралық рәсім ретінде құрылады: жедел метрикалар (аудан, қарқындылық, ұзақтық, таралу жылдамдығы) ластаушы заттар мен парник газдары эмиссиясын бағалаумен, органикалық горизонттың деградациясы мен топырақтың гидрофобтануын диагностикалауымен, негізгі түрлер мен экожүйелік қызметтерге әсерді талдаумен ұштасады. Шешім қабылдауды қолдау үшін өрт қауіпі мен қуаңшылық индекстері, түгін таралуының метеомодельдері және дін жамылғысының өрттен кейінгі қалпына келуін зерттеу қолданылады. Көрсеткіштерді стандарттауға ұмтылыс бірыңғай есептілік шеңберін құруға,

орманшылықтар арасындағы нәтижелерді салыстыруға және профилактика мен қалпына келтірудің нысаналы бағдарламаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [1–3], [5].

Салдардың экологиялық бағалауының тәсілі. Орман өрттерінің кешенді экологиялық бағасы төмендегілерді қамтиды:

1. ошақ параметрлерін түгендеу (аудан, қарқындылық, жану түрі, ұзақтығы);
2. ластаушы заттар мен парник газдары эмиссиясын бағалау;
3. топырақ қасиеттері мен гидрологиялық режим өзгерістерін диагностикалау;
4. биоалуантүрлілік пен экожүйелер тұрақтылығына әсерді талдау;
5. халық пен инфрақұрылым үшін тәуекелдерді бағалау;
6. қалпына келтіру іс-шараларының жоспары.

Дереккөздер: уәкілетті органдардың жедел статистикасы, өртенген аумақтар жөніндегі спутниктік өнімдер, далалық зерттеулер және отандық ғылыми ұжымдардың жарияланымдары [1], [5].

Атмосфера мен ауаның сапасына әсері. Өрттер $PM_{2.5}/PM_{10}$, CO , NO_x , ұшпа органикалық қосылыстар және CO_2 ағындарын едәуір арттырып, ошақтан жүздеген шақырымға созылатын смог эпизодтарын туындатады. Қылқанжапырақты ормандар басым өңірлерде түтін жоғары жану жылуы, жанғыш материал қорының молдығы және төсеніштің ұзақ тленуі салдарынан күшейеді; бұл эмиссия визуалды «сөну» байқалғаннан кейін де жалғасуы мүмкін. Температуралық инверсия мен әлсіз жел жағдайында түтін шлейфтері жерге таяу қабатта «қамалып», елді мекендерде $PM_{2.5}$ концентрациясын арттырады. Бұл респираторлық және жүрек-қантамырлық симптомдармен жүгінудің өсуімен, сондай-ақ көру қашықтығы мен көлік магистральдарының қауіпсіз өткізу қабілетінің төмендеуімен тікелей байланысты [1–3].

Әсерді жедел бағалау үш дерек тобының интеграциясына сүйенеді: (1) ауа сапасын бақылаудың стационарлық және жылжымалы станциялары ($PM_{2.5}/PM_{10}$, CO , O_3) — нақты концентрацияларды береді; (2) тасымалдың метео модельдері — түтін шлейфтерінің траекториясын және әлсіреуін есептеп, тәуекел аймақтарын болжайды; (3) жиі түсіретін спутниктік құралдар — белсенді жылулық аномалияларды және түтіннің оптикалық қалыңдығын тіркейді. ТМД-ның бірқатар өңірлерінде осы ағындар диспетчерлік орталықтарда біріктіріліп, тұрғындарға алдын ала ескертулер

шығаруға және шарықтау сағаттарында ашық ауада болуды шектеуге мүмкіндік береді [1–3]. Болжам дәлдігін арттыру үшін біріктірілген индекстер (өрт қаупі + қуаншылық + жел) және көпжылдық деректер негізіндегі жергілікті «жел раушандары» қолданылады.

Топырақ, гидрология және көміртек балансы. Жоғары температуралық әсерлер органикалық горизонттың деградациясына, пирогендік жолмен су тебетін (гидрофоб) қабаттардың түзілуіне және топырақ агрегаттары құрылымының бұзылуына әкеледі. Бұл беткі ағын үлесін арттырады: өрттен кейін тіпті орташа нөсерлер судың жылдам ағып кетуін, жыралардың түзілуін және ұсақ дисперсті бөлшектердің тасымалын тудырады. Таулы-төбелі аймақтарда сел қаупі күшейеді, жазықтарда — шағын су арналарының лайлануы мен су сапасының уақытша нашарлауы артады. Ылғал балансы бұзылады: инфильтрация азаяды, топырақ-жер қыртысының су ұстау қабілеті төмендейді, тәуелділік және маусымдық ылғалдық ауытқуларының амплитудасы артады [5].

Көміртек балансы шығын жағына ығысады: жану кезіндегі «жылдам» CO_2 және CO эмиссияларына қызған және ашық алаңдардағы органика қалдықтарының жедел минералдануы түріндегі «баяу» фаза қосылады. Көміртек қорының ұзақ мерзімді қалпына келуінің жамылғысының регенерация қарқынына, жаңа төсеніш қабатының қалыптасу жылдамдығына және шөптесін жамылғының тұрақтануына тәуелді. Өрттен кейінгі менеджмент тәжірибесіне биоинженерлік шаралар енеді: еңістерді мульчалау (гидрофобтықты басу үшін), микрорельеф пен су ұстаушы бороздалар жасау, ағыс жылдамдығын төмендететін уақытша фашиналар мен валкалар, субстратты бекіту үшін ксерофитті астық тұқымдастарын себу. Сезімтал учаскелерде топырақты тығыздап, қалыпқа келген агрегаттарды бұзбау үшін ауыр техниканы шектеу орынды. Мониторингте келесі көрсеткіштер қолданылады: инфильтрация жылдамдығы, ағын коэффициенті, жақын су арналарының лайлылығы/взвесьтері, қалыптасып келе жатқан органикалық горизонттың қалыңдығы, үстіңгі қабаттағы көміртек мөлшерінің динамикасы [5].

Биоалуантүрлілік және экожүйелердің тұрақтылығы. Өрттің биологиялық әсерлері біркелкі емес және экожүйе типіне, оттың қарқындылығына және тұтанулардың жиілігіне тәуелді. Борлы массивтер мен самырсын ормандарында ірі діндік (крона) өрттері жетілген ағаш қауымдарын жоғалтуға, мекендеу орындарының фрагментациясына және сезімтал түрлердің ығысуына әкеледі; көшу

дәліздері мен трофикалық тізбектер бұзылады. Құрғақ ормандар мен сирек ормандылықтарда табиғи жиіліктегі мерзімді төменгі өрттер мозаикалықты сақтауға және кейбір түрлердің жаңаруына мүмкіндік беруі мүмкін, алайда өрттер арасындағы интервалдың қысқаруы немесе қарқынның артуы қауымдастықтардың деградациясына, түрлік құрамның қарапайымдануына және агрессивті пионерлік не инвазиялық түрлер үлесінің өсуіне алып келеді [5].

Тұрақтылықты бағалау үшін қалпына келу траекториясын тіркеуге мүмкіндік беретін операциялық индикаторлар қолданылады: дің жамылғысының сақталуы мен тұтастығы, нысаналы түрлердің өміршең жас шыбықтары мен өскіндерінің үлесі, топырақүсті жамылғысының қалпына келу жылдамдығы, инвазиялық және адвентивті түрлердің болуы, сондай-ақ құрылымдық күрделіліктің көрсеткіштері (қабаттылық, қауіпсіз көлемдегі өлі ағаштың болуы). Қалпына келтіру шаралары экологиялық-типологиялық жағдайларды ескере отырып таңдалады: эрозия қаупі жоғары жерде — еңістер мен шөптесін жамылғыны тұрақтандыру басым; тұқым қоры жеткіліксіз жерде — жергілікті түрлердің селекциялық таңдалған көшеттерімен нүктелік отырғызулар; рекреациялық жүктемесі жоғары орындарда — қоршаулар және ағындарды маршрутизациялау, тапталуды азайту және табиғи регенерацияға мүмкіндік беру. Динамиканы бақылау үшін тұрақты сынақ алқаптары және бірдей нүктелер/ракурстарда қайталама түсірілім жүргізілетін фотомониторинг енгізіледі; жерүсті бақылаулары мен ҚЗ деректерін ұштастыру көпжылдық салыстырулар үшін сәйкестендірілген қатарларды береді [5].

ТМД елдеріндегі регламенттер мен практикалар.

Қазақстан. Ормандағы өрт қауіпсіздігі жөніндегі жаңартылған Ережелер және тиісті қосалқы актілер өрт қауіпті маусым режимін, баруды шектеуді, минералдалған жолақтарды құру мен күтіп ұстауды, реттелетін палдар тәртібін, патрульдеуді және ведомствоаралық өзара іс-қимылды айқындайды [1]. Практикалық іске асыру маусымдық қауіптілік индекстеріне, патрульдеу маршрутизациясына және өртенген аумақтарды бағалауда ҚЗ деректерін қолдануға сүйенеді.

Ресей. Рослесхоз материалдарына сәйкес авиациялық мониторинг, видеоаналитика жүйелері, өртке қарсы абаттандыру (просекалар, минералдалған жолақтар, тірек пункттері), сондай-ақ тәуекелді бағалау және сөндіруді басымдыққа қою үшін спутниктік деректерді пайдалану

дамып келеді. Нормативтік-әдістемелік база тұрақты жаңартылып, ведомстволық ресурстар арқылы таратылуда [2].

Беларусь. Ерте анықтаудың автоматтандырылған жүйелері (видеоаналитикамен бейнебақылау) енгізілуде, ормандарды өртке қарсы абаттандырудың техникалық нормалары қолданылады; ТЖМ халыққа арналған әдістемелік материалдар мен жадынамалар жариялайды, бұл әрекет ету жылдамдығын арттырып, от шарпыған аумақты азайтады [3].

Украина. Ормандарды қорғау және күзетудің жаңа бірыңғай ережелері өрттердің алдын алу және мониторингі талаптарын жүйелейді, климаттық тәуекелдер мен қарағайлы массивтер жанғыштығының өсуі жағдайында ландшафтық жоспарлау мен өртке қарсы зонирлеудің қажеттілігін айқындайды [4].

Техникалық және ұйымдастырушылық алдын алу шаралары. ТМД елдерінің регламенттері мен практикаларында көрініс тапқан тиімді шаралар кешені мыналарды қамтиды: ерте анықтау жүйелері (видеоаналитикасы бар бейнебақылау, спутниктік мониторинг), минералдалған жолақтар мен тірек шептерді қалыптастыру, жол желісі мен ЭБЖ (электр беріліс желілері) жиегін күту, регламенттелген бақылаулы палдар, ерікті өрт сөндірушілерді даярлау, қауіптілік индекстері мен болжамдық карталар негізіндегі ведомствоаралық жоспарлау. Профилактиканы техникалық ұйымдастыру жолақ параметрлерін стандарттауға, көп мақсатты орман-өрт техникасына және жоғары тәуекелді учаскелерді басымдыққа қоюға арналған ГИС модульдеріне сүйенеді [2–4], [5].

Қазақстан үшін бейімдеу жөніндегі ұсыныстар

Практикаларды салыстыру Қазақстанға мынадай шараларды орынды деп көрсетеді:

- белорус үлгісі бойынша автоматтандырылған ерте анықтау жүйелерін ұлттық диспетчерлік орталықтарға интеграциялай отырып ауқымдау;
- орман-өсу жағдайлары мен өрт қауіптілігі кластары бойынша өртке қарсы абаттандыру параметрлерін біріздендіру;
- өртенген аумақтар жөніндегі спутниктік деректер мен қуаншылық индекстерін күштер мен құралдарды жедел жоспарлауға енгізу;
- оқыту және сақтандыру қолдауымен ерікті өрт сөндіруші құрамалар желісін кеңейту;
- топырақ-гидрологиялық шектеулер мен эрозияның алдын алуды ескере отырып өңірлік қалпына келтіру бағдарламаларын күшейту;

- техника мен патрульдерді маусымдық бөлуде ведомаралық «тәуекел карталарын» дамыту [1–5].

Қорытынды. ТМД елдерінде орман өрттерінің салдарын экологиялық бағалау үшін салыстырмалы әдістемелер мен эмиссиялар, топырақ, гидрология және биоалуантүрлілік бойынша деректерді шоғырландыру қажет. Регламенттер мен практикаларды талдау өрт қауіпсіздігінің қатаң ережелерін, ерте анықтауды, ландшафтық профилактиканы және қалпына келтіруді ұштастыру ең тиімді нәтиже беретінін көрсетеді. Қазақстан үшін басымдық - мониторингті ауқымдау, өртке қарсы абаттандыруды біріздендіру және жоспарлауға ҚЗ деректерін енгізу; бұл ретте Ресей, Беларусь және Украина тәжірибесі мен өрт жанғыштығы және салдарлары жөніндегі отандық зерттеулерге сүйену маңызды [1–5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Архипов Е.В., Залесов С.В. Динамика лесных пожаров в Республике Казахстан и их экологические последствия // Аграрный вестник Урала. 2017. № 4(158). С. 10–15.

2 Усень В.В. Охрана лесов от пожаров в Республике Беларусь: состояние и пути совершенствования // Сибирский лесной журнал. 2023. № 6. С. 141–154.

3 Залесов С.В. Лесная пирология: учебник. 4-е изд., перераб. и доп. Екатеринбург: УГЛУТУ, 2021. 396 с.

4 Ходаков В.Е., Жарикова М.В. Лесные пожары: методы исследования. Херсон: Гринь Д.С., 2011. 470 с.

5 Мерекеев А.А., Нуракинов С.М., Сыдык Н.К., Чепашев Д.В., Зулпыхаров К.Б. Оценка природной пожарной опасности на территории Казахстана с использованием данных ДЗЗ // Хабаршы. География сериясы. 2022. № 2(65). С. 34–41. DOI: 10.26577/JGEM.2022.v65.i2.0335.

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕР МЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН КӨҒАЛДАНДЫРУ

ВАХИТ А. Е.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі заманғы урбанизация үдерісі мен индустрияландырудың артуы, әсіресе ірі өндірістік қалаларда, экологиялық тепе-теңдікті

бұзып, тұрғындар өміріне теріс әсер етуде. Бұл жағдай, ең алдымен, өсіп келе жатқан жас буын — мектеп оқушылары мен студенттердің өмір сүру сапасына, денсаулығына және әлеуметтік-психологиялық күйіне әсер етеді. Павлодар қаласы — еліміздің ірі өнеркәсіптік және логистикалық орталықтарының бірі бола отырып, экологиялық жүктемесі жоғары аймақтардың қатарына жатады. Бұл өз кезегінде білім беру мекемелерінің көгалдандыру саясатына ерекше назар аударуды талап етеді.

Мектептер мен жоғары оқу орындарын көгалдандыру тек эстетикалық және санитарлық қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың экологиялық санасын қалыптастыруда, табиғатқа ұқыпты көзқарас тәрбиелеуде, сондай-ақ оқу процесіне қолайлы орта жасауда маңызды факторға айналып отыр. Алайда, бүгінгі таңда көгалдандыру іс-шаралары жүйесіз, фрагментарлы сипатта қалып, нақты институционалдық стратегиядан тыс жүзеге асып келеді. Осы шолу мақалада Павлодар қаласындағы білім беру мекемелерін көгалдандырудың қазіргі ахуалына талдау жасалып, отандық және шетелдік тәжірибе негізінде теориялық түсініктер мен практикалық тәсілдер қарастырылады. Мақаланың негізгі мақсаты — көгалдандыру үдерісінің білім беру жүйесіндегі экологиялық, әлеуметтік және тәрбиелік мәнін айқындап, кешенді ұсыныстар әзірлеу.

Көгалдандыру — бұл урбандалған кеңістіктерді табиғи элементтермен байыту арқылы экожүйелік тепе-теңдікті сақтау мен қалалық ортаның сапасын жақсартуға бағытталған мақсатты әрекет. Ғылыми әдебиетте көгалдандырудың екі негізгі түрі ерекшеленеді: интерьерлік көгалдандыру, яғни ғимарат ішіндегі биофильдік элементтерді (жасыл қабырғалар, өсімдіктер бұрыштары, экожүйелік инсталляциялар) орналастыру; және экстерьерлік көгалдандыру, яғни сыртқы аумақтарда — аулалар, саябақтар, оқу корпустары маңында табиғи-жасыл кеңістіктер құру [1, 26 б.].

Жаһандық тәжірибе көрсеткендей, білім беру инфрақұрылымын көгалдандыру дамыған елдерде білім мен экологиялық мәдениеттің маңызды компоненті ретінде жүйелі деңгейде жүзеге асырылады. Мысалы, Жапония мен Германияда «жасыл мектеп» тұжырымдамасы енгізілген, ол арқылы көгалдандыру тек инженерлік шешім ғана емес, сонымен бірге оқытудың инновациялық тәсілі ретінде қарастырылады. Финляндия мен Нидерландыда мектеп аумағында органикалық бактар мен оқушылардың қатысуымен жүргізілетін тұрақты экожобалар дамыған.

Қазақстанда бұл бағытта белгілі бір ілгерілеушілік болғанымен, жалпыұлттық деңгейде әлі де орталықтандырылған бағдарлама жоқтың қасы. Қолданыстағы тәжірибелер көбінесе волонтерлік бастамаларға, жергілікті атқарушы органдардың эпизодтық акцияларына немесе жекелеген мектептердің жеке жобаларына сүйенеді. Бұл жағдай білім беру кеңістігінде көгалдандыру мәселесін жүйелі зерттеу қажеттілігін алға тартады.

Урбанистика және ландшафтық архитектура саласындағы зерттеулер көгалдандырылған орта қалалық температураның реттелуіне, ауаның сапасын жақсартуға, шудың азаюына, әрі оқушылар мен студенттердің психоэмоционалды жай-күйіне оң ықпал ететінін айғақтайды [2, 14 б.]. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, табиғи ортада өткізілетін сабақтар мен үзілістер балалардың танымдық белсенділігіне, көңіл-күйіне және оқу үлгеріміне оң әсер етеді. Осы контекст аясында Павлодар қаласындағы білім мекемелерін көгалдандыру мәселесін теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қарастыру аса өзекті.

Павлодар қаласындағы білім беру мекемелерін көгалдандыру үдерісі соңғы жылдары айтарлықтай назарға ілігіп келеді. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыс біркелкі емес және білім ордалары арасында айырмашылықтар үлкен. Қаланың орталық бөлігінде орналасқан мектептер мен жоғары оқу орындарының аумағы салыстырмалы түрде жақсы көгалдандырылған болса, шет аймақтардағы білім мекемелерінде жасыл кеңістіктердің тығыздығы мен сапасы едәуір төмен. Бұл жағдай қаланың көгалдандыру картасын құру қажеттілігін айқындайды. Қазіргі таңда Павлодарда көгалдандырумен жүйелі айналысатын мекемелер қатары шектеулі, ал статистикалық тұрғыдан алынған нақты деректердің болмауы саланы тиімді басқаруға кедергі келтіреді.

Мектептер мен ЖОО деңгейінде «Жасыл мектеп», «Экосаналы ұрпақ» сияқты бірқатар экологиялық бағдарланған жобалар жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарламалар негізінен волонтерлік негізде жүргізіліп, оқушылар мен студенттердің экологиялық білімін арттыруға бағытталған. Алайда, олардың ауқымы мен әсер ету деңгейі біркелкі емес, әрі көбіне маусымдық сипатқа ие. Қалалық білім бөлімі мен экология басқармалары тарапынан институционалдық қолдау мен мониторинг жүйесі әлсіз қалыптасқан.

Көгалдандыру жұмыстарына қолданылатын өсімдіктер мен ағаш түрлерінің таңдауы да белгілі бір стандарттарға негізделмеген.

Әдетте, қарағай, қайың, жөке (липа) секілді ағаш түрлері, сондай-ақ шырша, тал, сирень, спирея және жасмин сияқты бұталы өсімдіктер жиі отырғызылады. Дегенмен, бұл түрлердің барлығы аймақтың континенталды, күрт контрастты климаттық жағдайларына бірдей дәрежеде бейімделе бермейді. Жергілікті өсімдіктерді қолдану үлесі мардымсыз, ал биоклиматтық карта бойынша ұсынылатын түрлерге сәйкестік деңгейі төмен.

Көгалдандыруға тартылатын серіктес мекемелер мен демеушілердің рөлі көбіне шектеулі және жекелеген жағдайлармен ғана байланысты. Негізгі әріптестер қатарына қалалық әкімдіктің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдері, мектептердің қамқоршылық кеңестері және кейбір кәсіпорындар жатады. Дегенмен, демеушілік көмектердің тұрақсыздығы мен үнемі өзгеріп отыруы жобаларды ұзақмерзімді жоспарлауға мүмкіндік бермейді.

Павлодар қаласындағы білім беру мекемелерін көгалдандыру саласындағы басты қиындықтардың бірі — аймақтың қатаң континенталды климаты. Қыс мезгілінің ұзақтығы мен төмен температура, көктем мен күз мезгіліндегі жауын-шашын тапшылығы, жаздағы жоғары температуралық ауытқулар отырғызылған жасыл желектердің өміршеңдігіне кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, топырақтың құнарсыздануы, тұздануы және жел эрозиясы да көгалдандырудың табиғи шектеулеріне жатады.

Екінші мәселе — қаржыландыру мен инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Көптеген мектептерде көгалдандыруға арнайы бюджет қарастырылмаған немесе өте аз мөлшерде бөлінеді. Суару жүйелерінің болмауы, топырақ дайындау, тыңайтқыштар және отырғызу құралдарының жетіспеуі жұмыстардың тиімділігін төмендетеді. Көгалдандыруды жүргізуге арналған инфрақұрылым мектептер мен ЖОО аумағында көбіне ескі, техникалық талаптарға сай емес.

Білікті мамандар мен кәсіби жоспарлаушылардың жетіспеушілігі де өзекті проблема. Көптеген жағдайда көгалдандыру жұмыстары мектеп қызметкерлері немесе ата-аналар күшімен атқарылады, ал ботаника, агрономия, ландшафт дизайны саласындағы мамандардың қатысуы жоқ. Бұл ғылыми тұрғыда негізделмеген, техникалық талаптарға сай келмейтін көгалдандыру жұмыстарын туындатады.

Тағы бір маңызды мәселе — оқушылар мен студенттердің жобаларға қатысу деңгейінің төмендігі. Әдетте олар тек сенбілік форматында, яғни маусымдық, бір реттік акцияларға тартылады. Ал тұрақты экоклубтар, практикалық сабақтар, ұзақмерзімді

бақша жобалары (мысалы, «оқушы бақшасы», «биоаймақ») өте сирек кездеседі. Бұл экологиялық мәдениетті қалыптастыруда формальділікке жол береді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көгалдандыру білім беру кеңістігінің экологиялық, тәрбиелік және психологиялық аспектілерін жақсартудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Әлемнің дамыған елдерінде бұл жұмыс тек ландшафтты ұйымдастыру емес, сонымен қатар экологиялық тәрбиелеу мен зерттеушілік оқытудың бір бөлігіне айналған.

Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технология министрлігі (MEXT) бастамасымен жүзеге асырылған “Green School Project” мектеп аумақтарын функционалды жасыл аймақтарға айналдыруды көздейді. Бұл бағдарлама аясында оқу орындарының аулалары мен шатырларында экобақтар, жылыжайлар, жаңбыр суын жинау жүйелері, күн панельдері және табиғи көлеңке зоналары жасалды. Оқушылар бұл жобаларға белсенді қатысып, биология мен экология сабақтарында практикалық жұмыстар жүргізеді. Нәтижесінде, экологиялық жауапкершілік пен табиғатқа құрмет дағдылары қалыптасады [3, 16 б.].

Германияның көптеген федералдық жерлерінде мектеп аумағында «Жасыл сынып» (Grüne Klassenzimmer) құру тәжірибесі кең таралған. Бұл жоба аясында ашық ауада сабақ өткізуге арналған табиғи кеңістіктер — көлеңке беретін ағаштар, табиғи отыру орындары, гүлзарлар мен көкөніс бақшалары жасалады. Бұл тәжірибе экологиялық мәдениетпен қатар, инклюзивті оқыту және денсаулық сақтау аспектілерін де қамтиды. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, когнитивтік белсенділігін күшейтеді.

Финляндияның мектептерінде экобақтар мен шағын жылыжайлар — жалпы оқу бағдарламасының бір бөлігі. «Sustainable Schools Finland» атты мемлекеттік бағдарлама арқылы әр мектеп өз аумағында экожүйелік аймақ қалыптастырып, агробиоәртүрлілікке баулиды. Сабақ барысында оқушылар тұқым отырғызу, топырақты тыңайту, микроклиматты бақылау, тіпті ара шаруашылығына қатысу сияқты практикалық дағдыларды игереді. Мұндай интеграция оқушыларды ғылыми жобаларға тартуға және STEM бағыттарын дамытуға септігін тигізуде.

АҚШ-тың Калифорния штатындағы Беркли қаласында бастау алған “Edible Schoolyard Project” — тамақтану мәдениеті мен қалалық көгалдандыруды үйлестіретін инновациялық жоба. Бұл

жоба мектеп аумағында органикалық көкөніс бақтарын өсіру, оларды аспаздық сабақтармен байланыстыру, экологиялық өмір салтын қалыптастыруды көздейді. Жобаның негізін қалаушы — танымал аспаз әрі экобелсенді Алис Уотерс (Alice Waters). Бүгінде бұл бастама АҚШ пен Канададағы 500-ден аса мектепке таралған [4, 26 б.].

Сингапурда «School of the Future» тұжырымдамасы аясында мектеп ғимараттары биофильді дизайнға негізделіп салынады. Жасыл шатырлар, тік бақтар (vertical gardens), климатты реттейтін өсімдік жүйелері тек эстетикалық шешім ғана емес, сонымен қатар энергия үнемдеу және микроклиматты басқару құралы ретінде қарастырылады. Мұндай мектептерде экологиялық жобалар оқу процесінің ажырамас бөлігі болып, оқушылар дербес бақ жүргізу мен қалалық агрономия дағдыларын меңгереді.

Шетелдік табысты тәжірибелер көрсетіп отырғандай, көгалдандыру жұмыстары мектеп пен ЖОО-ларда тек ландшафтық дизайн емес, интеграцияланған педагогикалық, экологиялық және технологиялық процестің бір бөлігіне айналуы тиіс [5, 26 б.]. Бұл жобаларда оқушылар мен студенттер тек пассивті бақылаушы емес, белсенді қатысушы ретінде әрекет етеді. Олар экожүйелермен жұмыс істеп, өз білімдерін нақты ортада қолдануға мүмкіндік алады. Қазақстан, соның ішінде Павлодар қаласы да, мұндай үлгілерден үйреніп, жергілікті климаттық және әлеуметтік жағдайларға бейімделген ұлттық эконоғамдық модельдерді дамытуға ұмтылуы қажет.

Павлодар қаласындағы білім беру мекемелерін көгалдандыру саласын стратегиялық деңгейге көтеру үшін кешенді, жүйелі тәсіл қажет. Қазіргі кездегі фрагментарлық сипаттағы бастамаларды орнықты даму контекстінде ұйымдастырылған, ғылыми негізделген және әлеуметтік тұрғыда маңызға ие жобаларға айналдыру — басты міндеттердің бірі. Ең алдымен, қалалық деңгейде бірыңғай көгалдандыру бағдарламасын әзірлеу ұсынылады. Мысалы, «Павлодар — жасыл білім қаласы» атты аймақтық экологиялық стратегия қабылданып, оның аясында әрбір мектеп пен жоғары оқу орнына нақты индикаторлар, мерзімдік жоспарлар мен бюджет шенберлері белгіленуі керек. Мұндай бағдарлама қаланың жасыл кеңістіктерін дамыту мен жастардың экологиялық санасын қалыптастыруды біртұтас жүйеге айналдыра алады.

Көгалдандыру жұмыстарын жүргізу кезінде жобалардың ғылыми негізделуіне ерекше назар аудару қажет. Бұл үшін климаттық

ерекшеліктер, топырақ құрылымы, жергілікті биоалуантүрлілік пен микрожүйелік тепе-теңдік есепке алынуы тиіс. Жобалау кезеңіне агрономдар, ландшафт дизайнерлері, ботаниктер мен экобілім беру мамандарын тарту маңызды. Қолданыстағы түрлік құрамды қайта қарап, аймаққа бейімделген өсімдіктерді таңдау – көгалдандыру жұмыстарының өміршеңдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты кепілі.

Көгалдандыруды білім беру процесіне интеграциялау да ерекше маңызға ие. Биология, география, еңбек және технология сабақтарында «жасыл мектеп» модулін енгізу, жоба арқылы оқыту (PBL – Project-Based Learning) әдісін пайдалану арқылы оқушылардың экологиялық ойлауын дамытуға мүмкіндік туады. Бұл бағытта STEM-біліммен ұштастырылған экожобалар, мысалы, оқушылар бақшасы, жасыл зертхана немесе суару жүйесін автоматтандыру жобалары тиімді болмақ.

Инновациялық шешімдер көгалдандырудың тиімділігі мен тұрақтылығын арттырады. Тамшылатып суару, микроклиматты реттейтін сенсорлар, жаңбыр суын жинақтау және оны қайта пайдалану жүйелері ресурсты тиімді басқаруға жол ашады. Сонымен қатар, тік бақтар (вертикальды көгалдандыру), жасыл шатырлар және биофилтрациялық жүйелер сынды жаңа буын технологиялар экожүйелік тепе-теңдікті сақтаумен қатар, энергия тиімділігін арттырады. Мұндай шешімдер әсіресе қалалық мектептер мен ЖОО ғимараттарында қолдануға ыңғайлы.

Көгалдандыруды дамытуда мемлекеттік және қоғамдық қолдау шешуші рөл атқарады. Жергілікті атқарушы органдар көгалдандыру жобаларын қаржыландыруға арнайы субсидиялар мен гранттар бөлуді, мектептер үшін арнайы қорлар құруды қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, бизнес-қоғамдастықтың, қамқоршылық кеңестердің және ата-аналар ұйымдарының қолдауы жобалардың материалдық базасын нығайтып, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қоғамдық ұйымдар мен экобелсенділер, волонтерлік топтар оқушылармен бірлескен экожобалар ұйымдастыру арқылы олардың экологиялық белсенділігі мен жауапкершілігін арттыра алады. Мұндай кооперация — жасыл білім беру кеңістігін дамытудың маңызды факторы.

Павлодар қаласының мектептері мен жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан көгалдандыру жұмыстары белгілі бір оң нәтижелерге қарамастан, жүйеліліктің, институционалдық қолдаудың және ғылыми негіздеудің жеткіліксіздігімен сипатталады. Бұл бағыттағы жобалар көбінесе қысқа мерзімді, маусымдық

сипатқа ие, ал тұрақты экожүйелік бастамалар сирек кездеседі. Осы шолу мақалада талданған шетелдік және отандық тәжірибелер көрсеткендей, көгалдандыру — бұл тек аумақты көріктендіру немесе санитарлық қажеттілік емес, ол білім беру кеңістігінің сапасын арттыратын, экологиялық мәдениет пен экожауапкершілікті қалыптастыратын көпфункционалды құрал.

Көгалдандырудың әлеуметтік маңызы — балалар мен жастардың өмір сүру ортасын жақсартып, олардың физикалық және психологиялық саулығын нығайтуында. Экологиялық маңызы — қалалық ортадағы микроклиматты реттеу, ауа сапасын жақсарту және биоалуантүрлілікті сақтау мүмкіндігінде. Ал тәрбиелік аспектісі — жас ұрпақтың табиғатқа ұқыпты қарауын, жауапкершілік пен қатысушылық сезімін дамытатынында жатыр. Демек, көгалдандыру мәселесі білім беру мекемелерінде қосалқы шара ретінде емес, білім беру жүйесінің негізгі элементі ретінде қарастырылуы тиіс.

Болашақта көгалдандыруды кешенді дамыту экологиялық тұрақтылық, жасыл экономика және сапалы білім беру арасындағы байланысты нығайтып, Павлодар қаласының экологиялық бейімделген, инновациялық және әлеуметтік жауапты білім беру кеңістігін қалыптастыруға негіз болары анық. Осыған орай, ғылыми, технологиялық және басқарушылық әлеуетті үйлестіре отырып, көгалдандыруды білім беру мекемелерінің стратегиялық бағытына айналдыру – уақыт талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құлжабаева Г. Ә. Мектеп ауласын көгалдандырудың экологиялық тәрбиелік маңызы // Қазақ ұлттық электронды кітапхана (КазНЭБ). – 2019. – С. 25–31.
- 2 Green campus universities: case studies on problems and prospects // Semantic Scholar. – 2020. – С. 1–15.
- 3 Implementation of the Green Campus program, the Taza Kazakhstan initiative and the comprehensive action plan for the KazNARU Sustainable Development Program // Казахский национальный аграрный исследовательский университет. – Алматы, 2022. – С. 12–38.
- 4 An Overview of Advancing Green Energy Solutions and Environmental Protection Toward Green Universities // ES Publisher. – 2021. – Т. 1. – С. 22–35.

5 Education for sustainable development: comparative analysis and prospects at universities // Higher Education Quarterly (Springer). – 2024. – Т. 78. – С. 115–132.

ҚАЛАЛЫҚ ЛАНДШАФТТЫҚ ДИЗАЙННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

КАЛИАСКАРОВА.М. А.
студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі заманғы урбанизация үдерісі қалалық кеңістіктің құрылымын түбегейлі өзгертумен қатар, оның экологиялық жүйесіне теріс ықпалын тигізіп отыр. Табиғи ресурстардың шамадан тыс пайдаланылуы, жасыл кеңістіктердің қысқаруы, атмосфералық ауаның ластануы және антропогендік қысымның үдеуі қалалардың тұрақты дамуына елеулі кедергілер келтіруде. Бұл жағдай, әсіресе, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін экологиялық факторларды тиімді басқарудың қажеттілігін арттырып отыр.

Осындай күрделі жағдайларда ландшафттық дизайн ұғымы урбанистік дамудың жаңа сапалы деңгейіне көтерілуде. Бүгінгі таңда бұл сала тек визуалды-эстетикалық функциямен шектелмей, экологиялық, әлеуметтік және инженерлік аспектілерді біріктіретін көпсалалы ғылыми бағыт ретінде қалыптасып келеді. Дұрыс жобаланған ландшафттық құрылымдар қалалық микроклиматты оңтайландыруға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға, ауаның сапасын жақсартуға және халықтың психофизиологиялық жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді.

Ландшафттық дизайн — экожүйелік қызметтерді қайта құру мен сақтау құралдарының бірі ретінде, тұрақты қалалық даму тұжырымдамасының маңызды элементі ретінде қарастырылады. Мақаланың басты мақсаты — урбанизацияланған ортаны экологиялық оңалтуда ландшафттық дизайн элементтерін кешенді қолданудың ғылыми-практикалық әлеуетін айқындау.

Ландшафттық дизайн – бұл кеңістікті көркемдеу ғана емес, табиғи және антропогендік факторларды үйлесімді ықпалдастыра отырып, экологиялық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми-практикалық әрекет саласы. Бұл ұғымның тарихи тамыры ежелгі дәуірлерге барып тірелгенімен, қазіргі заманғы түсінікте ол инженерлік, архитектуралық, биологиялық

және экологиялық білімдердің тоғысында дамып келе жатқан күрделі салаға айналды [1, 48 б.]. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ландшафттық дизайн урбанистика, экология және қоғамдық денсаулық салаларымен тығыз байланысты бола бастады.

Экологиялық тиімділік ұғымы ғылыми айналымда қоршаған ортаны сақтау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану арасындағы тепе-теңдік ретінде қарастырылады. Бұл ұғым қалалық кеңістікте ауаның, судың және топырақтың сапасын сақтау, биологиялық әртүрлілікті арттыру, жасыл желектердің көлемін оңтайландыру, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру сияқты индикаторлар арқылы өлшенеді.

Ландшафттық дизайн мен экологиялық тиімділік арасындағы өзара байланыс кешенді сипатқа ие. Функционалды түрде жобаланған ландшафттық шешімдер экологиялық қауіп-қатерлерді азайтып қана қоймай, табиғи процестерді тұрақтандыру арқылы қала экожүйесінің регенеративті әлеуетін күшейтеді. Мысалы, нөсер суларының табиғи сүзгілеу жүйелерімен біріктірілген көгалдандыру шешімдері гидрологиялық тұрақтылықты арттырады, ал жергілікті өсімдік түрлерін пайдалану су ресурстарының шығынын азайтады.

Қалалық орта – антропогендік жүктемесі ең жоғары аумақтардың бірі болып саналады. Қала аумағының кеңеюі мен халық тығыздығының артуы табиғи ортаның жойылуына, экожүйелердің ыдырауына және тіршілік ету жағдайларының нашарлауына алып келуде. Қалалардың экологиялық тұрақтылығы тікелей түрде бірнеше негізгі факторлармен шектеледі:

Ауаның ластануы – қалалық экожүйенің деградациясындағы басты көрсеткіштердің бірі. Негізгі ластаушылар қатарында автокөлік газдары (көміртек оксиді, азот диоксиді, ұшпа органикалық қосылыстар), жылу энергиясын өндіру көздері мен өндірістік кешендерден бөлінетін қалдықтар бар. Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, ірі қалаларда PM2.5 және PM10 бөлшектерінің концентрациясы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған шектерден бірнеше есе асып түседі. Бұл ауа сапасының төмендеуіне, халық денсаулығына тікелей қауіп төнуіне және климаттық ауытқуларға алып келеді.

Жасыл кеңістіктер – қалалық экожүйенің регуляторлық қызметін қамтамасыз ететін табиғи буферлік аймақтар. Алайда урбанизация қарқыны мен құрылыс көлемінің ұлғаюы жасыл желектердің қысқаруына алып келді. Бұл құбылыс қаланың ауаны тазарту, жылу реттеу, су айналымы мен биоәртүрлілікті сақтау

қабілетін әлсіретеді. Нәтижесінде табиғи жел алмасуы төмендеп, микроклиматтық жағдайлар нашарлайды [2, 28 б.].

Қала аумағында жасыл жабындылардың орнына бетон, асфальт және басқа да жылу жинақтаушы материалдардың басым болуы «жылу аралы» құбылысын туындатады. Бұл феномен қаланың орталық бөлігінде ауа температурасының шеткері аймақтарға қарағанда орта есеппен 3–7°C-қа жоғары болуына себеп болады. Мұндай термикалық дисбаланс энергия тұтынуды арттырады және халықтың денсаулығына ұзақ мерзімді кері әсер етеді.

Шу ластануы – урбандалған ортада жиі ескерілмейтін, бірақ физиологиялық және психологиялық тұрғыдан өте маңызды фактор. Қалалардағы тұрақты шудың көзі ретінде көлік қозғалысы, құрылыс жұмыстары және өндірістік қондырғылар аталады. Үнемі жоғары деңгейде шуға ұшыраған тұрғындар арасында жүрек-қантамыр, жүйке жүйесі және ұйқы бұзылыстары жиі тіркеледі. Шу деңгейі 55 дБ-ден жоғары болған жағдайда, адам организмі күйзеліс жағдайында болады.

Қалалық құрылыс салдарынан табиғи ландшафтардың фрагментациясы жүреді. Бұл – өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру кеңістігін шектеп, кейбір түрлердің толық жойылуына әкеледі. Қалалық аймақтарда экожүйелік байланыстар үзіліп, опыление, тозаң тарату, табиғи сүзу секілді экожүйелік қызметтердің сапасы әлсірейді. Әсіресе инвазиялық түрлердің артуы мен эндемикалық түрлердің жойылуы бұл үдерісті жеделдетіп отыр.

Қалалық ортаның экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің ғылыми негізделген тәсілдерінің бірі — ландшафттық дизайн элементтерін жүйелі қолдану. Бұл тәсіл қоршаған ортаның сапасын арттырып қана қоймай, тұрғындардың психоэмоционалдық әлауқатын жақсартуға да ықпал етеді.

Жасыл белдеулер мен саябақтар – қалалық аумақтың «экологиялық тірегі» ретінде қарастырылады. Олар көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегі өндіру арқылы атмосфераның газ құрамын тұрақтандырады. Сонымен қатар, биофильді дизайн элементтері ретінде, жасыл кеңістіктер халықтың табиғатпен байланысын арттырады, әлеуметтік ортаны қауіпсіз әрі тартымды етеді. Ғылыми әдебиеттерде жасыл аймақтардың жеткіліктілігі халықтың өмір сүру ұзақтығымен тікелей байланыста екендігі дәлелденген.

Тік көгалдандыру – ғимарат қабырғалары мен төбелерінде өсімдіктер өсіру арқылы кеңістікті экологиялық тұрғыда оңтайландыру әдісі. Бұл технология ыстық маусымда ғимарат


ішіндегі температураны 2–3°C-қа төмендетіп, энергия үнемдеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, ол көміртек диоксидін сіңіріп, ауадағы зиянды бөлшектерді сүзуге қабілетті.

Қалалық аумақта жауын-шашын суларын табиғи сүзу механизмдеріне жақындатып реттеу — экологиялық дренаж жүйелерінің басты міндеті. Су ұстайтын тоғандар, фильтрациялық алаңдар мен биоойықтар (bioretention cells) су айналымының табиғи циклін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Олар сонымен қатар фауна мен флора үшін тіршілік кеңістігін қамтамасыз етеді [3, 45 б.].

Қоғамдық көлік пен жеке автокөлікке тәуелділікті төмендету үшін жаяу жүргінші жолдары мен велосипедке арналған желілер кеңінен енгізілуі қажет. Бұл ауадағы зиянды газдардың көлемін қысқартып, шулы ортаны азайтуға септігін тигізеді. Қозғалыс белсенділігі жоғары ортада созылмалы аурулардың көрсеткіші төмен болатыны ғылыми дәлелденген.

Аймақтың топырақ-климаттық жағдайына бейімделген өсімдіктердің пайдаланылуы күтімді аз қажет етеді және экожүйелік қызметтердің тиімділігін арттырады. Мұндай шешімдер биологиялық әртүрлілікті сақтауға, жергілікті опылитель түрлерінің тіршілігін қолдауға, сонымен қатар жердің табиғи құнарлылығын қорғауға мүмкіндік береді.

Ақылды суару технологиялары (мысалы, тамшылатып суару, маусымдық жоспарланған суару кестелері) су шығынын 30–50%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, топырақ құрылымын сақтау үшін мульча қабаты, су ұстайтын өсімдіктер, эрозияға қарсы отырғызулар қолданылады. Бұл әдістер қалалық кеңістіктегі жасыл желектердің өміршендігін арттырады [4, 148 б.].



Сурет 1- Ландшафттық шешімдердің экологиялық әсер деңгейі

Бұл диаграмма қалалық кеңістікте қолданылатын ландшафттық дизайн тәсілдерінің негізгі экожүйелік қызметтерге ықпал ету деңгейін визуалды түрде көрсетеді. Диаграммада алты экологиялық критерий (ауаны тазарту, микроклиматты реттеу, су ресурстарын басқару, биоөртүрлілікті сақтау, шу деңгейін азайту және қалалық ортаның сапасын арттыру) бойынша алты түрлі ландшафттық шешімнің әсер ету деңгейі 1-ден 5-ке дейінгі шкалада бағаланған. Диаграммада жасыл белдеулер мен саябақтардың экологиялық мультифункционалдығы айқын байқалады — олар барлық бағыт бойынша ең жоғары ұпайға ие. Ал экодренаж жүйелері су ресурстарын басқару мен биоөртүрлілікті сақтау бойынша жетекші орында. Жаяу және велосипед жолдары шу мен әлеуметтік орта сапасын арттыруда тиімді, бірақ табиғи қызметтерге ықпалы төмен. Диаграмма экологиялық жобалауда кешенді әдіс тандаудың маңызын көрсетеді.

Ландшафттық дизайн элементтерін қолдану тәжірибесі әлемнің түрлі аймақтарында кең таралған және оның нәтижелері экологиялық, әлеуметтік, архитектуралық тұрғыдан алғанда әрқалай бағалануда. Қазақстан қалаларында ландшафттық жобалау ісі соңғы онжылдықта белсенді қолға алынып отыр. Мысалы, Алматы қаласында «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында саябақтарды қалпына келтіру, ағаш егу және тау баурайындағы

табиғи аймақтарды сақтау бағытында бірқатар жобалар іске асырылуда. Қала рельефінің таулы болуы мен өсімдік түрлерінің өртүрлілігі ландшафттық шешімдердің биологиялық байлығын арттыруға қолайлы жағдай жасайды.

Астана қаласында қалалық құрылым жасыл белдеулермен және функционалды көгалдандырумен біріктірілген. Алайда, ауа райының желді әрі құрғақ болуы өсімдіктердің өміршеңдігіне әсер етуде. Павлодар қаласында болса, көгалдандыру мәселесі әлі де толық шешілмеген, дегенмен соңғы жылдары жаңа қоғамдық бақтар мен демалыс аймақтарын дамытуға бағытталған бастамалар байқалуда.

Орталық Азия аясында, мысалы, Ташкентте тарихи парктерді қайта қалпына келтіру жобалары іске асып жатыр, ал Бішкек қаласында тік көгалдандыру мен жергілікті флораға негізделген экожүйелік жобалар қолға алынған. Дегенмен, кейбір елдерде (мысалы, Ашхабадта) көгалдандыру әрекеттері көбіне сәндік сипатқа ие болып, экологиялық тиімділік ескерілмей қалып отыр.

Халықаралық деңгейде Сингапур қаласы — «жасыл қала» тұжырымдамасын жүзеге асыруда көшбасшы. Қалада тік көгалдандыру, жасанды экожүйелер, жаңбыр суларын жинау жүйелері және күн энергиясын қолдану тиімді жолмен интеграцияланған. Копенгагенде көлік инфрақұрылымы жаяу және велосипед қозғалысына бейімделіп, табиғи су айдындары экологиялық функциямен біріктірілген. Нью-Йорк қаласындағы «High Line» жобасы — ескі теміржол желісін экологиялық демалыс орнына айналдырудың тамаша үлгісі [5, 208 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде қалалық ландшафттық дизайнды жетілдіруге арналған бірнеше бағыт ұсынуға болады. Біріншіден, мемлекеттік деңгейде ландшафттық жобалауды қолдайтын нормативтік-құқықтық база жетілдірілуі тиіс. «Жасыл Қазақстан», «Тұрақты қала» сияқты бағдарламалар нақты ландшафттық стандарттармен және экологиялық тиімділік көрсеткіштерімен толықтырылуы қажет. Жасыл инфрақұрылым нысандарын құқықтық қорғауға алып, экожүйелік қызметтерді міндетті жоспарлау практикасына енгізу — маңызды қадам.

Екіншіден, қоғамның белсенді қатысуы мен экологиялық сауаттылық деңгейін арттыру — жобалардың ұзақмерзімді тиімділігінің кепілі. Ағаш егу, қалалық бақтар мен гүлбақтарды қалыптастыру, еріктілер қозғалыстары арқылы қалалық кеңістіктерге тұрғындардың тікелей қатысуы — қаланың экологиялық мәдениетін

нығайтады. Бұл мақсатта білім беру жүйесінде экологиялық урбанистика, ландшафттық экология бағытында пәндер енгізілуі қажет.

Үшіншіден, архитектура және жобалау саласының мамандарына арналған кәсіби ұсынымдар жүйеленуі тиіс. Құрылыс пен жасыл кеңістік арасындағы теңгерім сақталуы, жобалауда климатқа бейімделген өсімдік түрлерін қолдану, әрбір құрылыс алаңына экожүйелік жүктеме индексін есептеу – жобалаудың жаңа стандарты болуы қажет.

Төртіншіден, тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) аясында ландшафттық дизайн негізгі құрал ретінде танылуы тиіс. БҰҰ-ның 11 және 13-мақсаттарына (Тұрақты қалалар мен климаттық өзгерістерге қарсы әрекет) сәйкес жасыл кеңістіктерді жоспарлау қажет. Климатқа бейімделген шешімдер мен табиғи шешімдерге негізделген инфрақұрылым (nature-based solutions) ұғымы заманауи ландшафттық жоспарлаудың өзегіне айналуы тиіс.

Қортындылайтын болсақ, қалалық ортаның экологиялық жағдайын жақсарту – техникалық жобалардан бөлек, ғылыми негізделген, институционалдық, әлеуметтік және мәдени кешенді саясатты талап етеді. Ландшафттық дизайн қазіргі таңда тек көркемдік мақсат емес, қоғамдық денсаулық, климаттық тұрақтылық және әлеуметтік әділеттілік салаларында да шешуші рөлге ие бола бастады. Қазақстан қалаларында жинақталып келе жатқан тәжірибелер мен халықаралық алдыңғы қатарлы практикалар бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелендіріп, жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Қалалық кеңістікті табиғатпен үйлесімді ету — болашақ ұрпақтың өмір сапасын қамтамасыз етудің негізгі шарты. Ландшафттық дизайн осы мақсатқа жетудің маңызды, кешенді құралы ретінде қарастырылуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Еспенбетов Б. Ж., Төлеуқанова А. Р. Қаланы көгалдандырудың ландшафттық жобалауға әсері // Вестник КазГАСА. – Алматы, 2021. – №2. – Б. 47–53.

2 Салихов Т., Берденов З., Сағынов Қ. Исследования почвенного покрова урбоэкосистем города Астана на основе применения ГИС-технологий // Бюллетень ЕНУ им. Л. Гумилева. – Астана, 2025. – №1 (69). – Б. 26–35.

3 Турданова М. С., Мұздыбаева Қ. Қ., Төреханова Ж. А. Моноқалалардың инновациялық дамуына әсер етуші факторларды

талдау: Шу қаласы мысалында // Journal of Geography and Environmental Studies. – 2024. – №1 (12). – Б. 41–49.

4 Gill S. E., Handley J. F., Ennos A. R., Pauleit S. Adapting cities for climate change: The role of the green infrastructure // Landscape and Urban Planning. – 2021. – Т. 81, №3. – С. 147–157.

5 Beatley T. Biophilic Cities: Integrating Nature into Urban Design and Planning. – Washington: Island Press, 2020. – 208 с.

ИЗУЧЕНИЕ КОМПЛЕКСНОГО ВЛИЯНИЯ РАЗЛИЧНЫХ ДОЗ ДИАММОФОСА И АММИАЧНОЙ СЕЛИТРЫ НА УРОЖАЙНОСТЬ КАРТОФЕЛЯ В КХ «ВИКТОРИЯ»

МАНАПОВА М. Р.

магистрант, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, г. Астана

КЕКІЛБАЕВА Г. Р.

к.б.н., ассоц. профессор, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, г. Астана

Рост объемов производства картофеля в последние годы в большей степени обеспечивается за счет повышения урожайности, чем расширения посевных площадей. Из-за относительно слабой развитости корневой системы и высокой потребности растений в питательных элементах, данная культура требует внесения значительных количеств удобрений для формирования стабильного и высокого урожая [1].

Урожайность картофеля в северном Казахстане зависит от нескольких взаимосвязанных факторов: количество сохранившихся растений к уборке, количество клубней с одного куста, масса одного клубня - все эти факторы оказывают влияние на урожайность картофеля [2].

Минеральные удобрения сегодня рассматриваются как один из ведущих инструментов интенсификации сельскохозяйственного производства, в том числе в картофелеводстве. Современный рынок предлагает широкий спектр удобрений, различающихся по составу и производителям. Однако в условиях расширенного ассортимента возрастает значимость научного обоснования их применения, особенно с позиции агрономической и экономической целесообразности. При выборе схемы питания необходимо учитывать биологические особенности культуры, тип почвы,

климатические характеристики региона, а также оптимальные дозы, сроки и способы внесения.

В работе представлены результаты полевых исследований, направленных на изучение влияния различных доз удобрений (аммиачной селитры и диаммофоса) на урожайность картофеля и агрохимические характеристики почвы в условиях крестьянского хозяйства «Виктория».

Для достижения поставленной цели были решены следующие задачи: провести анализ агрохимических свойств почвы при использовании минеральных удобрений, оценить влияние диаммофоса и аммиачной селитры на урожайность картофеля.

Почвенный покров опытного участка представлен каштановыми среднесуглинистыми почвами, сформировавшимися в условиях резко континентального климата с выраженными температурными колебаниями и неравномерным распределением осадков.

По результатам агрохимического анализа верхнего пахотного слоя (0-20 см), установлено, что реакция почвенного раствора составляет pH 6,0, что соответствует слабокислой среде и является благоприятным фактором для возделывания большинства сельскохозяйственных культур, включая картофель.

Перед началом вегетационного периода определено содержание основных доступных элементов питания:

- нитратного азота (N-NO_3) - 6,8 мг/кг, что указывает на низкий уровень обеспеченности;
- подвижного фосфора (P_2O_5) - 15,9 мг/кг (средняя обеспеченность);
- обменного калия (K_2O) - 434 мг/кг, что соответствует высокой обеспеченности.

Полученные данные свидетельствуют о недостаточном содержании азота, умеренном уровне фосфора и избытке калия, что обосновало выбор удобрений, направленных на восполнение дефицита первых двух элементов. Таким образом, было ожидаемо положительное влияние азотно-фосфорного питания на урожайность культуры.

Объектом исследования выступал районированный среднеранний сорт картофеля Гала, характеризующийся стабильной урожайностью и адаптацией к условиям региона. Для посадки использовались клубни массой 60-80 г, схема размещения растений - 70×35 см. Опыты проводились с трехкратной повторностью на орошаемой площади. Влажность почвы поддерживалась на уровне

70-80% от НВ (наименьшая влагоемкость) за счёт регулярных поливов. В качестве удобрений применялись:

- диаммофос ($(\text{NH}_4)_2\text{HPO}_4$) - как основное фосфорное удобрение;
- аммиачная селитра (NH_4NO_3) - как источник азота для корневой подкормки.

Схема опыта:

- контроль - без внесения минеральных удобрений;
- вариант 1 - $\text{N}_{30}\text{P}_{15}$ (кг действующего вещества/га);
- вариант 2 - $\text{N}_{45}\text{P}_{30}$ (кг д.в./га);
- вариант 3 - $\text{N}_{60}\text{P}_{45}$ (кг д.в./га).

Диаммофос вносился однократно перед посадкой картофеля в качестве основного удобрения. Аммиачная селитра применялась в виде подкормки через 25-30 суток после появления всходов. Уборка урожая проводилась во второй декаде августа.

Многочисленные исследования, представленные в работах ряда авторов [3-4], подтверждают наличие устойчивой зависимости между урожайностью картофеля и видами, дозами, а также соотношением применяемых минеральных удобрений. Формирование урожая этой культуры в значительной степени обусловлено уровнем обеспечения растений элементами питания, находящимися в легкоусвояемой форме.

Под воздействием азотно-фосфорных удобрений отмечено улучшение биометрических показателей: увеличение высоты растений, числа побегов, площади листовой поверхности. Особенно выраженное развитие вегетативной массы наблюдалось при внесении дозы $\text{N}_{60}\text{P}_{45}$, что обеспечивало лучшие условия для фотосинтетической активности и, как следствие, способствовало формированию более высокого урожайного потенциала.

Агрохимический анализ почвы после завершения вегетации позволил оценить изменения в содержании основных элементов питания по сравнению с исходными значениями. Реакция почвенного раствора оставалась в пределах слабокислой - pH 5,9-6,2, что является оптимальным для усвоения питательных веществ большинством полевых культур, включая картофель.

Содержание нитратного азота на контрольном варианте и при минимальном удобрении ($\text{N}_{30}\text{P}_{15}$) снизилось относительно исходного уровня (6,8 мг/кг), что свидетельствует о недостаточном его восполнении в процессе вегетации. В то же время, на вариантах с дозами $\text{N}_{45}\text{P}_{30}$ и $\text{N}_{60}\text{P}_{45}$ уровень содержания нитратного азота

оставался близким к первоначальному, подтверждая эффективность азотного питания в критические периоды роста.

Концентрация подвижного фосфора также варьировалась в зависимости от доз внесения. Несмотря на использование фосфорсодержащих удобрений, уровень P_2O_5 после вегетации оказался ниже начальных значений, что указывает на активное потребление элемента в процессе метаболизма растений. Обменный калий, первоначально находившийся на высоком уровне (434 мг/кг), снизился по всем вариантам, особенно в контроле (до 375 мг/кг), что отражает интенсивное использование калия в начальные фазы развития культуры.

В целом, применение фосфорно-азотных удобрений способствовало улучшению агрохимических свойств почвы, поддержанию оптимального уровня питания растений и обеспечивало благоприятные условия для формирования урожая картофеля.

Таблица 1 – Агрохимические показатели почвы после уборки урожая

№ п/п	pH	NO_3^-	P_2O_5	K ₂ O
Контроль	6,0	4,0	10,8	375
Вариант 1 (N ₃₀ P ₁₅)	5,9	4,7	13,7	395
Вариант 2 (N ₄₅ P ₃₀)	6,0	6,1	14,5	425
Вариант 3 (N ₆₀ P ₄₅)	6,2	5,9	14,3	420

Повышение доз удобрений приводило к усилению роста растений и увеличению числа генеративных органов. При внесении дозировки N₃₀P₁₅ высота растений увеличилась до 60 см, количество листьев достигло 61, а урожайность повысилась до 23,8 т/га. Более выраженное улучшение параметров наблюдалось при применении N₄₅P₃₀ высота растений достигала 67 см, число стеблей увеличивалось до 6,1, листьев - до 66, клубней - до 15 штук на куст, а урожайность достигла 26,2 т/га, что является одним из лучших показателей в рамках исследования.

Максимальные значения высоты растений (70 см), количества листьев (70 шт.) и урожайности (26,9 т/га) зафиксированы при внесении дозы N₆₀P₄₅. Однако при этом отмечено снижение

количества клубней на куст (13 шт.), что может свидетельствовать о перераспределении питания в пользу вегетативной массы в ущерб генеративной, особенно при избыточном уровне питания.

Таким образом, установлена чёткая зависимость между уровнем минерального питания и ростом биометрических показателей растений. При этом дозировка N₄₅P₃₀ обеспечивала наиболее рациональный баланс между формированием вегетативных и репродуктивных органов, а также демонстрировала высокую урожайность при оптимальных затратах на удобрения, что делает её наиболее предпочтительной с агрономической и экономической точек зрения.

Результаты проведённых полевых исследований на территории крестьянского хозяйства «Виктория» в Павлодарской области демонстрируют существенное влияние норм внесения минеральных удобрений (диаммофоса и аммиачной селитры) на биометрические параметры растений, агрохимические свойства почвы и конечную урожайность картофеля.

Наивысшие показатели урожайности были зафиксированы при использовании дозы удобрений N₆₀P₄₅, однако прирост по сравнению с вариантом N₄₅P₃₀ составил всего 0,7 т/га. Наиболее сбалансированным и экономически оправданным вариантом признано внесение удобрений в дозировке N₄₅P₃₀, при котором достигается оптимальное соотношение между интенсивностью роста вегетативной массы и продуктивным формированием клубней. Этот режим удобрений обеспечил стабильную урожайность на уровне 26,2 т/га, высокое качество товарной продукции и рациональное использование питательных веществ без излишних затрат.

На основании полученных данных рекомендуется применять дозировку N₄₅P₃₀ в качестве оптимальной схемы минерального питания картофеля на каштановых почвах данного региона. Внедрение данной технологии способствует достижению высоких показателей урожайности при сохранении экономической эффективности.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Карманов С.Н., Серебренников В.С. Картофель. – М.: РосАгропромиздат, 1991. – 6 с.
- 2 Меделбек М., Ансабаева А.С., Shan W., Куанышбаев С.Б. Совершенствование технологии возделывания картофеля в условиях Северного региона Казахстана, 2025. –165 с.

3 Газданова И.О., Бекмурзов Б.В. Урожайность и качество картофеля в зависимости от применения различных доз минеральных удобрений. – Урал: Аграрный вестник Урала, 2022. – С. 2-11

4 Симакова Т.В., Логинов Ю.П. Влияние минеральных удобрений на урожайность и качество картофеля. – Урал: Аграрный вестник Урала, 2007. – С. 25-27

РОЛЬ АЗОТА В ПИТАНИИ РАСТЕНИЙ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА РОСТ И РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КУЛЬТУР

МИНЕНКО С. П.

студент, Щербактинский аграрно-технический колледж, Павлодарская обл.

ЖАРМУХАНОВА Б. К.

преподаватель, Щербактинский

аграрно-технический колледж, Павлодарская обл.

Азот является важным элементом, необходимым для формирования хлорофилла, который отвечает за фотосинтез. Продуктивность растений в определенной степени определяется уровнем азотного питания, нехватка азота приводит к ухудшению их состояния и снижению урожайности. В Казахстане основой сельскохозяйственного производства являются зерновые культуры. Однако резкие климатические условия не позволяют в полной мере стабилизировать получение высоких урожаев. Одним из способов повышения плодородия почвы и устойчивости сельскохозяйственных растений к неблагоприятным погодным условиям, улучшения питания растений, увеличения их урожайности является внесение азотных удобрений [1, с.37-42].

Азот - наиболее дефицитный элемент, так как в большинстве почв его очень мало. Свободный атмосферный азот растениям недоступен. Азот поступает в почву тремя путями: 1) в результате внесения минеральных и органических удобрений, 2) посева бобовых культур, 3) жизнедеятельности живущих в почве бактерий, усваивающих азот воздуха и накапливающих его.

Важнейшее значение азота определяется тем, что он является обязательной составной частью белков и самых сложных и важных веществ растения - протоплазмы и клеточного ядра, а также ферментов, витаминов клетки. За счет азота увеличивается содержание белков в зерне, благодаря чему повышается качество

пшеницы как продовольственной культуры. Озимая пшеница предъявляет повышенные требования к плодородию почвы и очень отзывчива на удобрения. На создание 1 ц зерна и соответствующего количества соломы пшеница использует в среднем азота 3,7 кг, фосфора 1,3 кг и калия 2,3 кг. При обычной культуре земледелия в среднем 1 кг действующего вещества азота обеспечивается окупаемость зерном в количестве 6 кг. Нормальное азотное питание сельскохозяйственных культур обеспечивается за счет аммиака и минеральных солей. Из минеральных удобрений в нашей стране наиболее широко применяются аммиачная селитра (34% N), сульфат аммония (21% N), мочевины (45-46% N). Дозы азотных удобрений зависят от удобряемой культуры, плодородия почвы, намечаемых урожаев [2, с.176-188].

Все азотные удобрения под яровые культуры вносят, как правило, весной до посева, перед культивацией, чтобы заделать их во влажный слой почвы; аммиачные удобрения можно применять с осени. Весенняя подкормка аммиачной селитрой в количестве 1 ц на гектар повышает урожай зерна озимых на 3-4 ц. Нецелесообразно распространять подкормки на яровые неорошаемые культуры - в этом случае предпочтительнее допосевное внесение удобрений. Жидкие азотные удобрения вносят в почву с осени, до посева или во время ухода за растениями в виде подкормки, но обязательно на глубину распространения наибольшей массы корней, т. е. на 12-18 см. [3, с.37-57].

В азотном питании озимая пшеница особенно нуждается весной. Если в это время ее обеспечить азотом, она быстро трогается в рост, хорошо кустится и образует много продуктивных стеблей. При достаточном азотном питании в фазы выхода в трубку и колошения лучше развивается колос, увеличивается число колосков в нем. Вносить азотные удобрения с осени следует при размещении пшеницы после непаровых предшественников и занятых паров. Наибольшую часть или все азотное удобрение надо внести достаточно рано, чтобы микроорганизмы имели время на минерализацию азотного удобрения в нитрат и азот стал доступен растению. Сколько азота нужно. Давайте посчитаем, сколько нам нужно действующих веществ, в т. ч. азота для формирования основной продукции:

Таблица 1 – Количество необходимых элементов. [4, с.35-38]

культура	N	P	K	Ca	Mg	S	Fe	Mn	Zn	Cu	B	Mo
пшеница	35	10	20	8	4	4,5	0,15	0,18	0,08	0,085	0,005	0,001

Азот в почве может быть сегодня в гидролизованное доступной форме, а завтра он может мигрировать с влагой в нижние слои почвы. Поэтому опираться мы должны на данные:

Анализ почвы на содержание доступных и валовых форм элементов питания.

Гранулометрический состав почвы.

Предшественники и севооборот.

Культуры азот усваивают в разных формах: в виде аммония, в амидной форме, в виде нитратов и нитритов. Чем выше температура, тем процесс быстрее. Поэтому летние подкормки считаются оптимальными, а весенние - затратными. Количество удобрений для каждого поля должно устанавливаться с учетом планируемого урожая, качества удобрения, а также почвенных условий. Для этого используют имеющиеся в каждом хозяйстве картограммы кислотности и обеспеченности почв элементами питания. В настоящее время определяют дозы удобрений для получения запланированного урожая не по выносу, а по периодам максимального потребления питательных веществ культурой. Для этого необходимо иметь следующие данные: расход питательных веществ на 1 т продукции с учетом периодов максимального потребления каждого сорта, содержание элементов питания в почве, коэффициенты использования культурой элементов питания из почвы и из вносимых удобрений. Имея все указанные данные, можно рассчитать арифметическим путем, сколько нужно вносить удобрений для получения 200, 250 ц зерна с 1 га.

Таблица 2 – Влияние сроков внесения азотных удобрений на урожайность озимой пшеницы.

Варианты опыта	Урожай зерна, ц/га
Без удобрений - контроль	31,0
N90 P60 под вспашку	48,0
P60 под вспашку+ N90 под культивацию	49,8
P60 под вспашку+ N90 в осеннюю подкормку	46,5
P60 под вспашку+ N120 под культивацию	49,8

Однако следует помнить, что не одни удобрения определяют урожай культуры. Только при одновременном и постоянном воздействии всех факторов жизни растения можно получать запрограммированные урожаи. Исследования и практический опыт показывают, что в зоне достаточного увлажнения азотные удобрения следует вносить весной под перепашку. В зоне недостаточного

увлажнения удобрения, предназначенные для основного внесения, заделывают в почву при осенней вспашке. Правильное применение удобрений даст повышение цены, например на пшеницу, вследствие повышения ее качества, что принесет хозяйству прибыль. Подсчитано, что каждые 100 т аммиачной селитры (34 тонны азота), внесенные поздней весной, дадут прибавку в 340-850 тонн зерна при соблюдении сроков и оптимальных доз, дробного внесения азота. Как недостаток, так и избыток азота ведет к убыткам [5, с.53-56].

Доза определяется в начале фазы трубкования по данным диагностики, полученным экспресс-методом определения содержания нитратов в главном стебле. Специалисты считают точным методом почвенный лабораторный анализ подвижного азота. Его сделает любая агрохимическая лаборатория. Можно также зрительно определить состояние растений: по цвету листьев, размеру стеблей и так далее. Главное — не перепутать с недостатками других элементов и болезнями.

Когда вносить. Для того чтобы определиться, когда вносить азот, а главное – сколько его вносить, следует понимать динамику его накопления в растении и критичные фазы вегетации, когда азот играет ключевую роль [6, с.203-212].




График 1 – Динамика накопления азота ростками пшеницы

В технологии выращивания пшеницы выделяют основные периоды применения азотных удобрений:

1. Весенний (регенеративное питание).

2. Начало выхода в трубку (продуктивное питание).

3. Колошение – молочная спелость (качественное питание).

Наиболее критичными являются регенеративное и продуктивное питание,

эффективность которых должна быть максимальной для реализации генетического потенциала [7, с.109-111].

Азот без серы – «деньги на ветер»? Бесспорно азот – это основа, однако сера –

именно тот элемент, который может повысить эффективность усвоения азотных

удобрений. Этот элемент играет важную роль в метаболических процессах, происходящих в растении, особенно тех, которые связаны с синтезом белков и процессом полного превращения азота от N_2 в NO_3 , и, как следствие, активного потребления этого элемента растениями. Наряду с этим можно отметить и влияние этого элемента на качественные показатели урожая, а именно:

- повышение содержания белка в зерне;
- повышение содержания жиров;
- улучшение хлебопекарных свойств составляющих зерна;
- повышение устойчивости растений к абиотическим факторам стресса.

Чтобы достичь высокого уровня потребления, следует иметь правильное

соотношение азота и серы (N:S), что гарантирует высокую эффективность усвоения азота.

Таблица 3 – Соотношение N:S (азот:сера).

Культура	Потребность растений кг/га	Оптимальное соотношение N:S (азот:сера)
Зерновые	10 - 25	10 : 1
Кукуруза	20 - 30	
Подсолнечник	20 - 40	

Выводы. В данной статье рассмотрены функции азота как удобрения и как питательного вещества для растений. Азот необходим для выращивания здорового и высококачественного урожая. Количество азота, которое необходимо внести, зависит от многих факторов, таких как остаточный нитрат в почве, прошлые/настоящие урожаи бобовых, потребление азота культурой, потенциал урожайности, иммобилизация пожнивных остатков азотными

удобрениями, степень минерализации нитрата, органическое вещество почвы, цена на зерно, уровень протеина, уровень белка и другие показатели качества урожая. Повысить рентабельность, свести к минимуму потери азота, поднять урожайность культур поможет правильное управление азотом. Для интенсивного растениеводства наиболее оптимальным считается частое внесение удобрений этого класса, в зависимости от потребностей каждой культуры — в строго ограниченных дозах. Решающее значение имеет и время подкормок. Важно применять азотные удобрения до дождей, при этом чтобы наивысшая доза азота вносилась до периода наибольшего поглощения вещества растением. Но и позднее внесение азота будет неэффективным, если погода или другие причины задержали этот процесс. Жидкая листовая подкормка — наименее рискованный способ, потому что таким образом вещество быстро впитывается растением, не успевая вымыться в нижние слои почвы. Этот метод становится все более популярным. В целом азот все-таки не очень экологичен, к тому же стоит недешево. Поэтому зарубежные фермеры в прошлом году старались добиваться точности внесения удобрений, в том же направлении работают и теперь. Помогают достигать необходимых дозировок дроны и сеялки no-tilldrill, которые позволяют вручную вносить экономически обоснованную дозу азота в почву [9, с.48-59]-.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ваулина Г. И. Влияние условий минерального питания и погоды на формирование урожая и качества зерна . Агрохимия. 2020. № 7. с. 37-42.
- 2 Лебедик А. И. Основы агрономии. Издательство «Высшая школа». Москва. 2011. с. 176-188.
- 3 Козлов Е. Г. Эффективность научно-технического прогресса в земледелии. «Колос». 2006. с. 37-57.
- 4 Забазный П. А. Краткий справочник агрономии. Издательство «Колос». Москва. 2002. с. 35-38.
- 5 Гилис М. Б. Рациональные способы внесения удобрений. Издательство «Колос». Москва. 2005. с. 53-56.
- 6 Вавилов П. П., Гриценко В. В. Растениеводство. Издательство «Колос». Москва. 2016. с. 203-212.
- 7 Прокошев В. Н., Глумов Г. А. Основы земледелия. Издательство «Колос». Москва. 2011. с. 109-111.

8 Зяблов Е. С. Экономическая эффективность применения удобрений при производстве зерна. Аграрная наука. 2011. № 8. с. 83-86.

9 Мелешкина Е. П. Оценка качества зерна тритикале Хлебопродукты. 2015. № 2. с. 48-59.

ҚАТАҢ КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА СӘНДІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТІРШІЛІККЕ БЕЙІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

ОМАРОВА. Д. А.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Сәндік өсімдіктер – урбанизацияланған және аграрлық аймақтардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуде, сондай-ақ антропогендік әсерді азайтуда маңызды биологиялық ресурс ретінде танылады. Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігіндегі Павлодар облысы сияқты қатал климаттық белдеулерде көгалдандыру жүйесін қалыптастыруда биоклиматтық бейімделу деңгейі жоғары сәндік өсімдіктерді іріктеу — ботаникалық селекция мен ландшафттық жобалаудың басым бағыты болып отыр.

Павлодар облысы күрт континенттік климатымен ерекшеленеді, мұнда жылдық температуралық амплитуда өте жоғары: қыс мезгілінде -40°C дейінгі қатты аяздар, ал жазда $+35^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары аптап ыстықтар байқалады. Бұл өңірдің ұзақ әрі суық қысы, қар жамылғысының тұрақсыздығы және көктемгі күтпеген үсіктер – көпжылдық өсімдіктердің, әсіресе интродукцияланған сәндік түрлердің өміршеңдігіне кері әсер ететін экологиялық шектеу факторларының бірі.

Көгалдандыру саласындағы қазіргі талаптар сәндік өсімдіктердің тек эстетикалық қасиеттерімен ғана емес, сондай-ақ климаттық стресске төзімділігімен, морфобиологиялық бейімделу потенциалымен бағаланатынын көрсетеді. Бұл орайда, өсімдіктердің фенологиялық тұрақтылығы, фотосинтетикалық белсенділігі, су шығынын реттеу қабілеті және биохимиялық қорғаныс механизмдері басты көрсеткіштер ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – Павлодар облысының қатан агроклиматтық жағдайларына биологиялық бейімделген сәндік өсімдіктердің тіршілікке қабілеттілік параметрлерін кешенді түрде

бағалау және көгалдандыруға экологиялық тұрғыдан тиімді түрлер мен формаларды іріктеу.

Павлодар облысы Еуразия құрлығының ішкі бөлігінде орналасқандықтан, климаттық контрасттар айқын байқалады. Ауаның орташа жылдық температурасы шамамен $+2,5^{\circ}\text{C}$ болса, қаңтар айында $-18...-22^{\circ}\text{C}$ аралығында, шілдеде $+20...+24^{\circ}\text{C}$ деңгейінде тіркеледі. Абсолютті минималды температура -45°C -қа дейін, ал максималдысы $+42^{\circ}\text{C}$ -қа жетуі мүмкін. Бұл жағдай өсімдіктердің термиялық тұрақтылық деңгейін жоғарылатуды және қысқы тыныштық кезеңінің физиологиялық ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді.

Аймақта кеңінен таралған топырақ түрлері — кәдімгі және ашық қоңыр топырақтар, кейбір жерлерде тұздану белгілері байқалады. Гумус қабатының жұқалығы және органикалық заттардың жеткіліксіздігі өсімдіктердің қоректік режимін шектейді. Сонымен қатар, жылдық булану мөлшерінің жауын-шашыннан бірнеше есе көп болуы — ылғал тапшылығының негізгі көрсеткіші [1, 121 б.]. Бұл – транспирация қарқындылығы жоғары өсімдіктердің тіршілігіне кері әсер етеді.

Жылдық жауын-шашын мөлшері орта есеппен 220–300 мм, оның негізгі бөлігі көктем және жаз мезгілдеріне келеді. Бірақ бұл ылғалдық көлемі транспирациялық және булану процесін толық өтей алмайды. Сонымен қатар, Павлодар өңірінде жел жылдамдығы жиі жоғары, әсіресе көктемде және күзде. Желдің топырақты құрғатуымен қатар, өсімдіктердің механикалық зақымдануына да себепші болатыны ескерілуі тиіс.

Павлодар облысына тән абиотикалық стрестік факторлар қатарында келесі құбылыстарды атап өтуге болады:

- ұзаққа созылатын төмен температуралы кезеңдер;
- көктемгі және күзгі үсіктердің қайталануы;
- шектеулі жауын-шашын және топырақтағы ылғалдың тез булануы;
- жел эрозиясы және топырақтың беткі қабатының деградациясы;
- радиациялық стресстер мен ультракүлгін сәулеленудің жоғары деңгейі.

Бұл факторлар өсімдіктердің морфогенезі мен метаболикалық белсенділігіне тікелей әсер етеді, сондықтан оларды ескере отырып, көгалдандыруға қолданылатын өсімдіктердің экологиялық пластикалылығын зерттеу аса маңызды.

Сәндік өсімдіктердің қатаң климаттық жағдайларға бейімділігі – олардың морфологиялық, физиологиялық, фенологиялық және биохимиялық ерекшеліктері арқылы анықталатын кешенді қасиет. Павлодар облысының күрт континенттік климаты жағдайында өсімдіктердің тіршілігін қамтамасыз етуде олардың бейімделу қабілеті ерекше мәнге ие. Бұл бейімділік сыртқы ортаның абиотикалық факторларына төзімділікпен қатар, өсімдіктің ұзақ мерзімді өміршендігін, эстетикалық сапасын және көгалдандыруда қолдану тиімділігін айқындайды [1, 5 б.].

Морфологиялық бейімділік өсімдіктің сыртқы құрылымындағы бейімделу формаларын қамтиды. Қатаң климаттық жағдайларда ұсақ жапырақты, балауызбен немесе түкті жамылғымен қапталған өсімдіктердің транспирацияны азайту қабілеті жоғары болады. Мұндай өсімдіктерде булану процесі баяу жүреді, бұл олардың су тапшылығына бейімделуін қамтамасыз етеді. Сабақ құрылымында сүректенген қабаттың болуы, сабақтың қаттылығы және механикалық ұлпалармен жақсы дамуы — желге және температуралық ауытқуларға төзімділіктің көрінісі. Сонымен қатар, тамыр жүйесінің құрылымы да маңызды: тереңге бойлайтын немесе жан-жақты таралған тамырлар арқылы өсімдік топырақтың төменгі қабаттарынан ылғал мен қоректік заттарды тиімді сіңіруге қабілетті болады.

Физиологиялық бейімделу фотосинтез, транспирация және тыныс алу процестерінің климаттық жағдайларға сәйкес реттелуін сипаттайды. Қатаң климатта өсімдіктің фотосинтездік белсенділігінің жоғары болуы жарық көп түскен кезеңдерде энергияны тиімді өндіруге мүмкіндік береді. Алайда шектен тыс жарық пен температура әсерінен фотосинтетикалық аппараттың зақымдану қаупі бар, сондықтан фотосинтездің реттелу механизмі бейімделудің негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Транспирация деңгейінің төмен болуы – устьицалардың жабық болуы немесе жапырақ формасының ерекшеліктері арқылы жүзеге асады. Бұл өсімдіктің суды үнемдеуге бағытталған реакциясының көрінісі. Сонымен қатар, тыныс алу белсенділігі де бейімделудің бір бөлігі ретінде қарастырылып, стресстік жағдайда метаболизмнің баяулауын қамтамасыз етеді.

Фенологиялық бейімделу өсімдіктің маусымдық дамуының климатпен сәйкестігін қамтамасыз етеді. Қатаң климат жағдайында қысқа вегетациялық кезеңге ие болу, көктемгі кеш үсіктерден аулақ гүлдену мерзімінің басталуы — өсімдіктің тіршілікке қабілеттілігін

арттырады. Мұндай бейімделу өсімдіктің табиғи циклге икемделуін білдіреді. Сонымен қатар, қысқы тыныштық кезеңінің ұзақтығы мен басталу уақыты өсімдіктің аязға төзімділігімен тығыз байланысты [3, 25 б.].

Биохимиялық бейімделу өсімдіктің ішкі қорғаныс жүйелері арқылы жүзеге асады. Антиоксидантты ферменттер – супероксиддисмутаза, каталаза және пероксидаза – өсімдіктің жасушалық құрылымдарын бос радикалдардың зиянды әсерінен қорғайды. Бұл ферменттердің белсенділігі жоғары болған жағдайда өсімдік климаттық стресс жағдайында жасушалық деңгейде тұрақтылық сақтай алады. Сонымен қатар, осмопротекторлар (пролин, ерігіш қанттар, бетаиндер) жасуша ішіндегі судың булануын тежеп, дегидратацияның алдын алады. Бұған қоса, фитогормондар мен арнайы стресс метаболиттері өсімдіктің стресс жағдайына метаболкалық реакциясын модуляциялауда маңызды рөл атқарады.

Кесте 1 - Сәндік өсімдіктердің бейімділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Негізгі ерекшелігі	Мысал өсімдіктер
Морфологиялық	Ұсақ жапырақ, түкті жабын, сүректі сабақ, терең тамыр	Жыңғыл (Tamarix), Үйеңкі (Acer)
Физиологиялық	Төмен транспирация, су үнемдеу, фотосинтездің икемділігі	Арша (Juniperus), Шырша (Picea)
Фенологиялық	Қысқа вегетация, ерте гүлдеу, кеш жеміс беру	Итмұрын (Rosa canina), Сіргелі (Spiraea)
Биохимиялық	Антиоксидант белсенділігі, осмопротектор жинау	Бөріқарақат (Berberis), Таңқурай (Rubus)

Сәндік өсімдіктердің бейімделу стратегиялары олардың эволюциялық дамуынан және агротехникалық тәжірибелерден туындайтын нақты биологиялық жауаптар жүйесін сипаттайды. Табиғи бейімделу – ұзақ мерзімді экологиялық сұрыпталу нәтижесінде қалыптасқан жергілікті флора өкілдерінің қолайсыз ортаға төзімділігі. Мұндай түрлер климаттық өзгерістерге жақсы икемделіп, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, селекциялық жұмыстар нәтижесінде алынған

сәндік формаларда жоғары эстетикалық сапамен қатар, абиотикалық факторларға төзімділік қасиеттері нығайтылған.

Интродукцияланған түрлердің тұрақтылығы — олардың жаңа ортаға бейімделу әлеуетімен анықталады. Мұндай түрлер бастапқы кезеңде биологиялық бақылаудан өтеді, және тәжірибелік жерлерде ұзақ мерзімді фенологиялық, физиологиялық, морфологиялық көрсеткіштер бойынша бағаланады. Тұрақты интродуценттерге — қысқа мерзімді климаттық әсерлерге ғана емес, көпжылдық стресс жағдайларына да төтеп бере алатын түрлер жатады [41 б.].

Бейімделу стратегиясы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағыттарда қарастырылады. Қысқа мерзімді бейімделу — өсімдіктің жедел физиологиялық реакцияларын қамтиды: устьицалардың жабылуы, фотосинтез қарқындылығының уақытша төмендеуі, осмопротекторлардың жинақталуы. Ал ұзақ мерзімді бейімделу — морфологиялық және генетикалық деңгейдегі тұрақты өзгерістер арқылы көрініс табады. Мұндай бейімделу көбіне ұрпақтан-ұрпаққа берілетін белгілермен сипатталады.

Агротехникалық әдістер өсімдіктердің бейімделу әлеуетін күшейту құралы ретінде ерекше мәнге ие. Топырақты өңдеу, тыңайтқыш қолдану, суару жүйесін оңтайландыру, қар тоқтату, желден қорғау сияқты шаралар сәндік өсімдіктердің сыртқы стресс факторларына тұрақты болуына көмектеседі. Атап айтқанда, мульчирование, топырақ құрылымын жақсарту, тамшылатып суару жүйелері — өсімдіктің вегетациялық кезеңін ұзартып, эстетикалық сапасының сақталуын қамтамасыз етеді.

Павлодар облысының күрт континенттік климат жағдайларында сәндік өсімдіктерді көгалдандыруда қолдану үшін бейімделген түрлерді анықтау — ландшафтық экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Бұл өңірге тән ұзақ әрі аязды қыс, жаздың құрғақ әрі ыстық болуы, желдің күштілігі және ылғал тапшылығы сәндік өсімдіктердің тіршілік етуіне бірқатар экологиялық шектеулер қояды. Осындай ортада тиімді көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті жағдайларға жақсы бейімделген түрлерді тандау аса маңызды.

Жергілікті флорадан шыққан кейбір түрлердің бейімделу көрсеткіштері жоғары деңгейде екені байқалады. Мысалы, жыңғыл (*Tamarix spp.*) — құрғақшылыққа төзімділігі жоғары, жел эрозиясына қарсы тосқауыл ретінде тиімді қолданылатын бұталы өсімдік. Арша (*Juniperus sabina*) — топырақ құрамына талап қоймайтын, төменгі температура мен ылғал тапшылығына бейім қылқан жапырақты түр.

Итмұрын (*Rosa canina*) — табиғи ормандарда жиі кездесетін, сәндік гүлдері мен биологиялық белсенді жемістерімен ерекшеленетін бұта. Сонымен қатар, бөріқарақат (*Berberis vulgaris*) — күзгі мезгілде жапырақтарының қызғылт сары түске енуімен ерекшеленетін, аяз бен құрғақшылыққа төзімді сәндік түр ретінде бағаланады [5, 285 б.].

Бұл өсімдіктердің орташа өмір сүру ұзақтығы 15–50 жыл аралығында, ал күтім талаптары салыстырмалы түрде жеңіл: жиі суаруды қажет етпейді, топыраққа ерекше талап қоймайды, тек сирек жағдайларда санитарлық кесу мен пішіндеу қажет. Бұл олардың қалалық және ауылдық жерлерде кеңінен қолданылуына мүмкіндік береді.

Интродукцияланған сәндік өсімдіктер арасында Павлодар облысының климаттық жағдайына сәтті бейімделген бірнеше түрді ерекше атап өтуге болады. Мысалы, спирея (*Spiraea japonica*) — мол гүлденетін, қалалық орталарда жиі қолданылатын бұта; сирень (*Syringa vulgaris*) — көктемде әдемі гүлдерімен ерекшеленетін, аязға төзімді түр; таңқурай (*Rubus idaeus*) — көлеңкеге шыдамды, биохимиялық және сәндік құндылығы жоғары өсімдік; үйеңкі (*Asarum pegundo*) — жел мен шаңға төзімді, қалалық жағдайда ластануға қарсы тұра алатын ағаш түрі. Бұл өсімдіктер интродукциядан кейін бірнеше жыл ішінде жергілікті климаттық шарттарға жақсы бейімделіп, тұрақты өсіп-өну қабілетін көрсетті.

Сәндік өсімдіктерді көгалдандыруда қолдану салалары әртүрлі құрылымдық деңгейде ұйымдастырылады. Қалалық және ауылдық жерлерде көгалдандыру — экологиялық, санитарлық және эстетикалық мақсаттарды көздейтін кешенді шаралар жүйесі ретінде жүзеге асырылады. Қалалық саябақтар, көшелер мен алаңдарда сәндік ағаштар мен бұталарды отырғызу арқылы желден қорғау, ауа сапасын жақсарту және тұрғындардың психологиялық жайлылығын арттыру қамтамасыз етіледі. Ауылдық жерлерде бұл өсімдіктер үй аулаларын, мектеп маңын және мәдениет ошақтарын көгалдандыруда кеңінен қолданылады.

Бақтар мен саябақтарда, сондай-ақ жол жиегін көгалдандыруда сәндік өсімдіктер тек эстетикалық элемент ретінде ғана емес, функционалды экологиялық компонент ретінде де маңызды рөл атқарады. Мысалы, жол жиектерінде шаң мен шуды азайту үшін тығыз бұталы немесе қылқан жапырақты түрлер қолданылады. Сонымен қатар, ландшафтық дизайнда өсімдіктердің пішіні, түсі, гүлдеу уақыты және текстурасы ескеріліп, кеңістікті көркем ұйымдастыруда пайдаланылады. Бұталар мен ағаштардың

комбинациялары, көпжылдық гүлді шөптесін өсімдіктермен үйлесуі табиғи және мәдени кеңістіктің үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

